

Мектеп кітапханасы

А 2010

27250к

ДИХАН ӘБІЛЕВ

ШАЛҚЫМА

Шалқын сау

Шалқын

ОКБ · 1950






Л 2010/27207

МЕКТЕП КІТАПХАНАСЫ

Дихан ӘБІЛЕВ

ШАЛҚЫМА



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АЛМАТЫ АУДИО-ВИДЕО
КІТАПХАНАСЫ
Инв. № 2010/27207

ОРБ
АЛМАТЫ • 1950

821.512.1dd-1

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ АКАДЕМИЯЛЫҚ КІТАПХАНАСЫ

№ **00235384**

ШАЛҚЫМА

(поэма)

ӨРТ

I

Бір тау бар сақарада аты Баян,
Көкшедей сұлулығы еліме аян!
Ақбеті аспанменен тіл қатысып,
Құзында қыран қалқып канат жайған!
Кіндік кесіп, кір жуып, сол тауда өсіп.
Сол тау үшін от кешіп, аштым майдан!
Туған жерім — Баян тау, алтын бесік,
Қүн астында саған жер жетсін қайдан!
Қүнменен шағылысқан тастарынның
Әр кесегін кем көрмен көктегі айдан!
Азаттық әнін шырқап баурайында
Алшаң басып, салғанмын сенде сайран!
Өткен күнгі бір өмір түсті есіме,
Неге жырлап отыр деп қалма қайран!

Тас маңдай құздарың бар аспан қапқан,
Қойнауынан бұлақтар сыңсып аққан
Баянның өркеш-өркеш көк тауында
Ғажайып нелер терең сырлар жатқан
Күндері

Көз алдыма елестейді
Шаяндай

Бесігімде мені шаққан.
«Дертіне» ем іздеген талай мұнды,
Тарығып, талыққанда тауды ұнатқан.
Талай шерлі жүректер шер таркатып,
Талай құл қыйналғанда мұнын шаққан.
Солардың біріне де тіл қата алмай,

Наконец
о тайга

Шахмат
маркинда

Губки: обвен
антаны

Моясама
Шахмат

1971

63

Тек кана жар тастарын тау қалғытқан.
Әсем күз, сұлу сурет көркіменен
Алданыш боп жаралы жанды уатқан.
Сол жаралы жандардың бірі Жаудыр,
Мекен ғып осы тауды келе жатқан.

Тұрмыстың татпай тәтті тағамдарын,
Жасынан жоқшылықтың тартып зарын,
Көл суы, су балығы, бар қорегі,
Ұстап жеу әлі жеткен таудың анын.
Жолбарыс, қасқыр, кабан, арсыз аю
Кім кеніш шашпасына шалдың қанын?
Жүрекке тұрмыс кегі мұз боп қатқан,
Көре алмай өмірінің жарық таңын.
Тағы шал, тау тұтқыны, тұрмыс құлы,
Аузынан «а» дегенде атад жалын.
Баурында «Шойынды көл» анау тұрған,
«Кен сарайдай» көреді балағанын.
Ішінен сол үнгірдің үні шығады,
Күніренген жетім ұлдың—қызыл қарын.
Жаутандап жас кара көз жасқа толып,
Үні — зар, жүрегі — шер, іші — жалын,
Үстіне байек болып түскенімен
Қолынан не келіп жүр сорлы шалдың.
«Ойнап жүр ат қып мініп» деп ұлына,
Бергенмен күнде кесіп таудың талын;
Жас балдыр жұбанар ма, уанар ма,
Тұрмыстың татпағасын тәтті дәмін.
Қабырғам қайысады меніңдағы, —
«Тамақтың татқан білер — деген — дәмін».
Кім тыңдар, есіз тауда шалдың зарын?
Кім білер, тауға келіп күйін, халін?
Жалғанда бар ма одан қыйыншылық,
Жоқ болса айналанда жұбатарын?..
Ойласам сол бір күннің өткен шағын,
Ыза кернеп менің де, қайнар қаным.
Сырласып мұнды шалмен «тау тағысы»
Желісін тарттым ұзақ поэманын.

Мынау көл, мөлдір сулы күміс көбік,
Көңілді күштандырмай қояр ма ерік?
Талай жан тамаша етіп суретіне,
Сүйсініп сүйген жүрек болған жерік.

Қоршапты төңірегін таулар келіп,
Бетінен сүймекші ме көлді өбіп?
Ентелеп бозша тастар көл үстіне,
Інгендей бота көрген тұр-ау төніп!

Ананың мамасындай сорып еміп,
Құздары құмартса да өшіп-өліп,
Көл кеміп кемерінен көрген емес, —
Шарасы шайқалмайды дөңгеленіп.

Көл көркі — күлімдейді тау безеніп,
Түрленіп төскейінде ағаш өніп,
Қойнауы колдың бейне саласындай, —
Қаракат, жидек, шие, қызыл өрік!

Туғанда көкек айы құстар келіп,
Сүнгиді көл түбінен маржан теріп,
Су шайған түбіндегі қайрақ тастар,
Тас емес, ақтарылған алтын дерлік!

Шұбыртып балапанын қаздар өріп,
Сүнгісе канаттарын суға көміп;
Айдынның ақсақалы — ақку ән сап,
Бергендей көлге шырай, елге көрік!

Айғыр жал, асау толқын салып ойын,
Күнде істеп күміс көлдің ойын-тойын,
Секіріп, бірі белін бірі басып,
Көпіріп көкке шапшып созса мойнын.

Бал құрақ жиектегі көк пүлістей,
Жайкалып тұра ала ма бас иіспей!
Құлдырап құз басынан күйған бұлақ,
Сарқырап, сылдырлайды ақ күмістей!

Күн күліп, күміс көлге шашып сәуле,
Күнұзын сұқтанғандай, болса әуре,
Ай қалқып аспанында түніменен,
Батады жарай алмай, «көл-ау!» — деуге!

Көп жұлдыз көлге төніп жымың қағып,
Жылтылдап кейі сөніп, кейі жанып,
Құмартқан көл көркіне көркем жұлдыз,
Шолп етіп көл суына түседі ағып!

Таласып су сұлуы алтын балық;
Бірінен алыспақ боп бірі қағып.
Сәулесін аққан жұлдыз қуып жүріп.
Жаудырдың торына кеп түседі ағып

Жаудыр шал жүрседағы қанша налып, —
Тар тұрмыс көрінсе де оған «тамұқ»,
Күміс көл, көркем сурет, сонау байлық,
Қайғысын әкеткендей бөліп-жарып.

Шырқайтын сол кез Жаудыр таудың әнін,
Тербетіп кәрі даусы тау заңғарын,
Әніне алтын арқау ететұғын, —
Қосағын, Шалқымасын, балағанын!

Жеткенде шалдың даусы құзға тайып,
Жартастар жөнелетін қағып алып;
Шал сонда көтеріліп күлімдейтін, —
Әніне тау жаңғыртқан масаттанып.

Қарайтын тауға, тасқа мойнын бұрып, —
Аңға да өліп жатқан құлақ түріп,
Арқалап ауын, алған балықтарын,
Қайтатын көлден кешке «шүкірлік» қып.

Келген соң «кең сарайы» — балағанға,
Кенеттен күш енетін Жаудыр шалға,
Ол күші — қосағымен, Шалқымасы ед,
Бакытты санататын шалды жанға.

Ақ сүтін ана емізіп құлынына,
Тоймайтын балдан тәтті қылығына,
«Бас аман болса жоқтық сөз емес» деп
Келтіртпей, Сырдың суын жұлығына.

Шал онда «шат көңілдің» бірі еді,
Ол күнде қосағы да тірі еді.
Кәрілік, тағы өмір, я жоқшылық,
Бірі де жанға батып білінбеді.

Сытырлап жүрседағы буындары
Көңілі тіршіліктен суынбады.
Өмірдің бәрі өмір тірліктегі,
Деген ой жүрегіне тынымдады!

Жүргенде отын алып — тастан кұлап,
Қосағы қайтпас сапар кетті ұзақ.
Үш басты көпсінгендей шал сорлыға,
Мейрімсіз ажал шіркін кұрды тұзақ!

Қара күн содан бері тағы басты,
Ағызып шал көзінен қанды жасты,
Балаған қан жауғандай қарауытып,
Моладай түсі суып, кұты қашты.

Жаудыр шал өз өмірін санап жоққа,
Түсетін Шалқыма үшін суға, отқа
— «Жетімнің көз жасы үшін аял беріп,
Тұра тұр келмей ажал, әзір тоқта».

«Артымда азамат боп кұлным қалса,
Қызықты өмір сүріп бағы жанса,
Мекен ғып балағанды, адам болып,
Өзімдей — дейтін — көлге қармақ салса».

Жас жетім жоқтап жылап жан анасын,
Аралап кетед кейде тау жотасын,
Екеуі күңіреніп түн болғанда,
Аударып ұйықтайтын түн ортасын.

Қабысып, кұшақтасып қара түнде,
Қарғыс айтып мейрімсіз сұр өмірге,
Таң ата ерте оянып ұйқысынан
Жаудыр шал балық аулай кетсе көлге;

Шалқыма оянып ап, атып тұрып,
Әкесін қарауылдап тасқа шығып,
Зарлайтын қаршадай боп, тауға қарап,
Тұрмыстың шаққан улы тілін ұғып.

Бұлбұлдың сайрап жатқан бұзып үнін,
Секілді шырқырайды жетім кұлын,
Жас тамып жағасына, Жаудыр естіп,
Көл суын қолмен шайқай беретұғын.

Күңіреніп көл шетінен үнін қосып,
Келетін кұлынына тұрған тосып,
Ау суы сорғаласа арқасынан,
Ағатын көз жарынан жасы жосып.

Күшактап кұлыншағын кұшып, сүйіп,
Басқандай болады шал қайғы күйік.
Қошемет көрсеткендей көл кұрағы,
Бұл кезде жайқалады басын иіп.

Осындай біркелкі өмір өтіп жатты,
Улы өмір мейрімсіз сорды, шақты,
Тірлігін жалғызының таяныш қыл,
Жаудыр шал бәрінеде шыдап бақты.

Дариға-ай, осы дәуір сол бір тұста
Кездесе тау жайлаған шал байғұсқа,
Қайғысыз, о да күлім қақпас па еді?
Болар ма ед онда сонша қолы қысқа!

Өтті ғой талай өмір күңіреніп, —
Дәрменсіз, дәуірлеуге тірі — өлік.
Талай шер мұз боп қатып жүрегіне,
Арманда талай қыршын кетті-ау өліп.

Адамы бұл заманның қандай күнды,
Көресін көкелеген ерке ұлды.
Шалқытып шаттық жырын шертіп жатқан,
Таң бұлбұлы тәрізді қыз бен ұлы!

Дәуірін Сталиннің көрген жан да;
Айтшы, жұрт жүрегінде арман бар ма?
Нұрлы күн сәулесіне бөлене алмай,
Талай жан өтіп кетті-ау зар заманда!

Оралсам ол күндегі Жаудыр шалға,
Балығын асып жатыр, күн батарда,
Бүк түсіп етпетінен жас Шалқыма,
Талығып, талмаусырап балағанда:

— Әке жан, қарным ашты-ау, ашты қарын.
Бір үзім ең болмаса жоқ па наның?..
— Піседі кәзір балық, сәулешім деп!
Жаудыр шал жұбатады балапанын.

Уансын бала қайдан? Таң атқалы аш,
Көзінен жылауменен таусылып жас,
Шырылдап, шыдай алмай отқа төніп,
Тұрмады қолды-аяққа піскенше ас.

Әкесі алып берген шикі шабак,
Балаға әжептәуір болып тамақ,
Азырақ бәсеңдетіп шырқырауын,
Балыққа қайнап жатқан тұрды карап.

Азырақ ес жыйғанда сорпа ішіп,
Ойына ертеңгі өмір тағы түсіп,
Көлбеңдеп көз алдынан сұрқыя өмір
Кернетті кеудесіне улы құсық.

Түн тымық болса көлге Жаудыр бармақ,
Түнімен суға малшып, ауын салмақ.
Күн қаран: көл бұзылса — дауыл соқса,
Азығын осындайда жыйып алмақ.

Осы ойға отырғанда белін байлап,
Қара бұлт қаптап кетті көкте қайнап,
Қаусыра күз аспанын қоршап алды,
Жараламай тынбайтын жаудай жайлап.

Бұрқырап бұлт аспаннан, соқты дауыл,
Бір қайғы басты шалды тағыда ауыр;
Құрулы Қос аралда қалған ауды —
Кетпесе толқын алып ода тәуір.

Аспанда бұлт сатырлап тебіскендей,
(Өзара келісе алмай керіскендей),
Жұлқысып, соққыласып ойран-топыр,
Таласып тауға бәрі келіскендей.

Нажағай жарқ-жүрқ ойнап бұлтты жыйып,
Көнбеген бұлтты кесіп, бұлтты қыйып,
Аспанды сындырардай шатырлатып
Бергендей бұлт біткенге өр бұйрық.

Қара бұлт қасарысып тұрды жаумай,
Жаудырды қайғы басты кара таудай.
Жынды жел асқар таудың аңғарынан
Ысқырып, көл үстіне соқты саулай.

Толқынды толқын ұрып, толқын турап,
Жиекте тасқа басын соқты тулап,
«Не пәле болып қалды» дескендей боп,
Көл құсы көкке шықты, шошып шулап.

Бұзбақпа асау толқын көл арнасын,
Сүзгілеп сындырмақпа жақпар тасын!
Ағызып ақ көбікті езуіңнен,
Япыр-ау неге мұнша жынданасын!

Жаудыр шал бала жастан саған серік,
Жан сақтап балығы мен жүр күн көріп!
Ағызып кетсең толқын құрған ауын
Қалмай ма, аясаңшы, аштан өліп!

Жауың ба көрсететін Жаудырға ерлік?
Неңді алды өмір жолын сен бөггерлік?
Шулама арсыз аңдар «өлім» тілеп
Не шыр бар шалда сендер кенелерлік?

Жөн емес жалбарыну табиғатқа,
Жаудырдың ең бас жауы табиғат па?
Қаралы қанды түнге душар қылған,
Қашаннан таптың кегі үстем тапта.

Бурадай бұркылдаған долы көлде,
Бір кара көрінеді, жүру жөн бе?
Толқынға қайықшасын қарсы айдап,
Кім екен? Жаудыр шал ма, әлде өңге?

Қасында қарандайды тағы біреу,
Жүрегі атша тулап, жүзі жүдеу,
Аунатса асау толқын қайықшасын,
Тұнғыйық су түбінсіз бар ма тіреу?

Қайығын лактырып толқын кейін,
Батырып жіберуге кейде бейім,
Сілкіп кеп екпінімен тастағанда
Адамның ұшырғандай бар үрейін.

Кім еді, мұнша батыр жаннан безген?
Қауыпты түнде кара күшке төзген.
Жаудырдан басқа жан жоқ бұл маңайда,
Сондықтан жыршы жүрек болар сезген.

Өлімге өмір үшін байлап басын,
Толқынға қарсы айдап қайықшасын,
Қетер деп аңдар талап, балағаннан,
Қасына ертіп алған Шалқымасын.

Белінен кұшақтатып ұланына,
«Қорықпа» деп, ұланының кұлағына,
Ауын іздеп барады Жаудыр сорлы
Бишара жетер ме екен мұрадына?

Жүзіген қалт-кұлт етіп анау қайық,
Не болад кете қалса аунап тайып,
Жаудыр мен жетім ұлдың жемтігіне,—
Көлдегі қалар ма әлде балық байып?

Орыны шалдың онда мүлде кұрып,
Кетпей ме, балағанын дауыл жүлып,
Кім жоқтар, кім қайғырар өліміне,—
Жемтігін іздемесе аңдар ұлып?..

II

Бір кезде аспан сынып жарылғандай,
Шарт етті, жан есінен жаңылғандай,
Жарқ етті кара түнді қақ айырып,
Кең дүние аспан кұлап тарылғандай.

Қасарып жаумай тұрған қап-қара бұлт,
Секілді жанған терек етті шырт-шырт,
Жалыны жай отының кұз қойнында,
Әр жерден шығып жатты етіп жылт-жылт.

Күрс етіп нажағайдың оғы жерге
Күмп етіп түсті тасқа, яки көлге,
Жайратып кетті ме әлде Жаудырымды,
Батырып қарашығын су түбіне?

Ғайып боп шал жоғалды көл үстінен,
Тау неге кара түнде тартты күрең?
Жалын не аспанға атқан көл бауырынан
Неткен от мұнша күшті дүрілдеген?

Кім екен өрттің отын кеткен жағып,
(Балаған іргесінен жатыр жанып).
Жаудырды көлден іздеп дал боп жүрсем,
Өртте жүр аласұрып жанын салып.

Өрт кеткен әлгі оғынан нажағайдың,
Басты ғой шалды тағы таудай қайғың.

Күн көріп отырғаны балығымен,
Білеміз «жері», «көлі» Қасқырбайдың.

Мені де шал қайғысы өртеп оттай,
Өленді өрбітеді қызған шоктай.
Өрт отын сөндіріспей шалмен бірге,
Қалармын бұл араға қалай тоқтай.

Жынды жел отты үргілеп аласұрып
Шетінен ала қашып бөліп-жырып,
Жалыны аспанға атып өрт отының,
Күлгендей сықылықтап мазақ қылып.

Тақалса шалға жалын тілін сұғып,
Шал оны етпей елең жүрсе де ұрып,
Қаршадай Шалқымасын, дүлей дауыл
Соғып тұр, түсірердей отқа ұшырып.

Баян тау кара бұлтты қаусыра ұстап,—
Құрғандай кара бұлттан қалың штаб.
Кеудесі сырылдаған секілденді,
Баурында жанған өрттің түтіні ыстап.

Түйгендей тұнжыратты бұлтқа кабак,
Шешіліп шырмауынан бұлттар тарап,
Жөнелді тау басынан қоныс таппай,
Оқтарын ойнақтатып атып садақ.

Өршіді өрт, төңірегін түгел алып,
Сәулесі тауды, көлді отқа малып,
Тоғайдан тұра қашты аю тауға,
Жаталмад жолбарыс та ыңыранып,

Дауылда шетке шыққан толқын айдап,
Ортаға қайта қашты көлде балық.
Бір тамшы көктен жерге тамбай қойды,
Ғажайып бір іс болды таң қаларлық.

Жаудырдың маңдайынан тері ағып,
Көзінен жағасына жасы тамып,
Кім келіп есіз тауда көмек бермек,
— «Өрт, өрт» деп шырылдап жүр, айғай салып.

Кешіп жүр өрт жалынын сорлы шалым,
Аямай кеудедегі кәрі жанын!

Насосты кұрып алып басар ма еді,
Есіркеп зарланғанын бишараның!

Басынып алған шалды от жанды лаулап
Жаралы жанды өртте коса жаулап,
Шыр ете түсті бір кез Шалқымасы, —
Әкесі сөндіріп ед отты аунап.

Сытырлап сынып жатты жанған терек,
Бырысып отқа күйіп кұрт, көбелек,
Қалың қау, кою орман күлге айналып,
Тек қана көлде кұрақ қақты көлбек.

Бырысып бытырлады жер тамыры,
Тасты да шыжылдатып от жалыны,
Қасқырбай қыстауы да жатыр жанып,
Болмақшы енді нешік шал тағдыры?

Көрінді шалға өрт оты бейне «тамұқ»,
Шыққандай шарасынан көзі аларып,
Әлсіреп дымы кұрып, кұр сұлдері,
Күңіреніп отыра кетті тасқа барып.

ТАС ЖҮРЕК

I

Жайлаудан бұрқыратып жолдың шаңын,
Ішіне сұр жыланша тартып қанын.
Тыңдаушым білермісін кім екенін,
Тау жаққа келе жатқан аждаһаның?

Ыскырып айдаһардай айбат шегіп,
Қабағы қара бұлттай тауға төніп.
Келеді кұйындатып, дүлей бір күш,
Атына қамшы үстіне қамшы көміп.

Қасқырбай деген осы қырдың дүрі,
Иығы бір болыстан асқан ірі.
Бас иіп, төңірегі кұрметтейді,
Түгел сай болғаннан соң төрт түлігі.
Бір күні кешке жақын шығып дөңге,
Бай отыр, қасында бар нөкерлері.

Сол кезде:

Салт атты қыстау жақтан далбаң қағып,
Бай аулын келе жатты белге алып.
Қантарып ойға атын тастай беріп,
Төбеге өрмеледі байды танып.

Иіліп сәлем берді. Келген — Самық.
Қандай тар байдын алды, бейне «тамұқ».
Қылп еткен қылығыннан бір мін тапса,
Жібере жаздайтұғын жерге қағып.

Қысылып өз өзінен тұрды Самық,
Кірпігін мүйнетінде миллион қағып,
Келуін ұнатпаған пішінменен,
Қасқырбай қарап қалса көзі аларып:

Кезеріп кепкен еріні, ебі қашып,
Абыржып біздің Самық асып-сасып.
Тамағын анда-санда қырынып қап,
Бақаша бажырайып, аузын ашып.

Ішінен әлденені күбірледі,
Жүйрік тіл жүйткімеді, жүгірмеді.
Айтуға октанса да сөз таба алмай,
Денесі қарап тұрып дірілдеді.

Қояндай таудан қашқан сөздер жытып,—
Тазыдан жан ұшырған жыммен ытып.
Көмейін кебек етіп жатып алды,
Ерінге бере алмады тілі қытық.

— «Сілейіп неге тұрсын, не хабар бар?»—
Кадалды бай сұрауы болып қанжар.
Тұнжырап, төмен қарап, жер шұқылап,
Өрт жайын Самық сонда айтты азар.

Танауы қусырылып Қасқырбайдың,
Түскендей төбесінен оғы жайдың,
Алкымын ашу кернеп кеуіп кетті,
Жылқыдай жамандатқан тасырайып.

— Қалайша өрт кетеді есіз таудан?
Сау емес шығарсын сен өзің жаудан?

Күзетке неге қойып едім сені?
Бітеді алдыменен сенің саудаң!..

Самықтың көзі шығып шарасынан, —
Аларып, ағы үлкейіп қарасынан,
Қарғанды, ант су ішті актығына,
Құтылу оңай ма бай саласынан?

Самықтың өртке жалғыз жетті ме әлі?
Өрт кетті, оның сөзі кімге дәрі?
Шұбырып дөң басына шығып жатты,
Естіген өрт қабарын жас пен кәрі.

Көтеріп иектерін нөкерлері,
Кіжініп, кейігенсіп тепті жерді.
Қарғанып, ант су ішіп Самық отыр,
Кіруге іздегендей дөннен көрді.

Бүрк етті жердің шаңы, — Самық аста,
Көзінің жары толып қанды жасқа;
Тыпырлап, бүркіт бүрген қоянға ұқсап,
Бишара басын соғып жатты тасқа.

Шыпылдап құйрығына сарбас қамшы,
Тамызды дөң басына каннан тамшы.
Көк ала қойдай болып жоны, бауры,
Сіресіп дөң басында қалды жалшы...

II

Қасқырбай қыстауына келсе салып,
Қара орман күлге айналып кеткен жанып,
Күйініп, үні шықпай тілін тістеп,
Атынан құлай жазды естен танып.
Елестеп көз алдынан өрт суреті,
Бұлайша өтіп жатты бұлаң қағып:

Шытырлап жанып жатты үй-қарағай.
Лап етті қоймадағы қарыны май.
Шыжылдап күйіп жатты күреңденіп,
Жал-жая, қазы-қарта бірі қалмай.

Бір бөлме толып тұрған мүлік: кілем.
Жандырмай тайынушы ед, жалын неден?

Оюлы тўс киізін, алашасын,
Жөнелді откып өртеп тиген жерден.

Өзіндей Қасқырбайдың кара жылан, —
Бөлмеден алтын тыққан қағып сумаң,
Табалмай інін сасып, ирелендеп,
Алтынды тастай қашты етіп құрбан.

Секіріп кетпекші боп оттан шапшып
Тұрғанда, жалын басын түсті қакшып,
Шыжылдап жанып жатты улы тілі,
Адамды шаққан талай істеп қастық.

Сарт етіп сынып түсті мәтке күйген,
Жалақтап жалын тілі асып үйден,
Шүрк-шүрк қып шағырдың да қанылтырын,
Төбеден көкке шапшып қакты сүйрең.

Медалы патша берген отқа ағып,
Сары-ала тоны дағы жатты жанып.
Әкесі көрде жатқан күніренгендей
Үн шықты жатқандай-ақ шаян шағып!

Айшығын ағаш бейіттің жерге ұшырып.
Көріне жалын тілін сұғып-сұғып,
Денесін көрде жатқан әкесінің,
Өрт оты шыжылдатып, бырыстырып,
Шіріген сақалынан ұстап алып,
Жонына от жалыны осты шыбық.

Жануы қу маяның қанша қыйын,
Маядан ұшқын түсіп мешіт үйін —
Жандырып, жалын мініп мінбесіне,
Ушырды дұғалығын көкке құйын.

Қасқырбай жынданғандай есі ауып,
У жеңен қасқырдай боп көлге шауып
Барды да, жендеттерін ертіп алып,
Жаудырды көл басынан алды тауып.

Шал сасып, сәлем беріп абдырады,
Жартастар бай дауысына жанғырады.
— «Өртедің қыстауымды неге Жаудыр!»
— «Жоқ, тақсыр, айта көрме» — дабдырлады.

— Мүлкімді қоймадағы ұрлап алып,
Үйімді жандырыпсың, түнде өрт салып,
Ешқайда құтылмайсың төлеп бермей,
Самық пен ұрым сенсін білдім анық.

— Бай еке-ау, ойының ба, шының ба?
Көзіңіз жеткендей-ақ шынына!?
Нақақтан жала жаппа күйіндіріп,
Көне алман ондай зорлық қысымыңа!?

— Сөйлейсін қалай-қалай ұры — кезеп! —
Жағынан шартылдатты алма-кезек,
Жалынып, жалбарынып ант су ішіп,
Шал сорлы, бай алдында қақты безек.

— Айтасын ба, жоқ па әлде шыныңды?
Тырнағын тағы салды, тағы бүрді...
Біріне жендетінің әмір етіп,
Кетуге жаяу айдап бай бұйырды.

Шал еңкілдеп, еніреп, зарлап, қақсап:
«Нақақпын әуре қылма, кет — деп — тастап!»
Бас ұрып аяғына жатып ап ед,
Жендеттер жүлмалады шалды бас сап.

— Тұр төбет, тұр деген сон!.. — тепті бастан.
Бәрі куа жөнелді шалды қашқан,
Құтқарсын қанды қолдар оны қайдан,
Устады асырмай-ақ Шоқпар тастан.

Денесі қалшылдады сорлы шалдың,
Ілігіп қармағына пейлі тардың.
Ойында ештеме жоқ — Шалкымасы,
Ұйықтап жатты ішінде балағанның.

Жалғызын, жас жетімін айтып жылап,
Маркамат тастап кет деп байдан сұрап.
Тарылып дүниесі тұрған шалдың,
Зарына Қасқырбай ма салар құлақ?

Күйігі кара орманның есін алып,
Өртеніп іші-бауыры, күйіп-жанып.
Көпіріп ақ көбігі езуінен,
Қамшының астына алды бай жынданып.

Қарамай барқыраған дауысына,
Жаңбырдай көз жасының жауысына;
Қамшымен осып жатыр арқасына,
Ниеті шал өмірін тауысуда.

Көтерер сонша қамшы қайрат қанша?
Шал жатты сұлық түсіп жансыз жанша.
Сонымен тастап кетсе бір сәрі ғой,—
Шалдың тек кеудесінде жаны қалса!

— Айғасын ба, жоқ па әлі? — төніп барып,
Үнсіз, тілсіз Жаудырға жатқан талып,—
Қасқырбай тағы жетіп барған кезде,
«Алдыңа келсін!» деді шал ыңранып.

— Өтірік істеп жатыр екен бәрін,
Айтпайсын ғой. Айтпасаң сенің қаның —
Жұғын емес құнына сен ұрлаған
Дүнием мен өртенген қара орманның —

Деді де жерден алып қара тасты,
Неткен жауыз десеңші, перді басты,
Маңдайын ойып түсті тас салмағы,
Шалдың үні ең ақтық шықты ащы.

«Құлыным, қош бол!» деуге келген тілі,—
Қостағы құлыншағын түршіктірді.
Тарғыл мый табақтай боп тасқа түсіп,
Кілегей қатықтай боп жүзіп тұрды.

Аларып кәрі көзі дем сөнерде,
Қыймады, қарап жатты тауға, көлге.
«Құлыным қалдың-ау» деп иек қақты,
Жанбайды қандай жүрек мұндай шерге!

Серейіп жансыз дене жатты сұлық,
Танауы қусырылып, көз жұмылып,
Сорғалап тастан суға аққан қанды,
Жиекке толқын жатты лақтырып.

Шырылдап: «әке!» тайлап жетім құлын,
Өлікке таянғанда: одан бұрын
Әкетті алдарына өңгеріп ап,
Кетпек қой тауға тығып шал «жұрынын».

Тарғыл мый тасқа түскен қатықша ұйып,
Көлкіді айналасы — қан үйіріліп,
Шалқыма талып кетті көрген жерде,
Шыдатсын жас жүрегін қайдан күйік.

Тау тынды сұрысыз сыр ұрлағандай,
Бұлақтар сылқ-сылқ күлмей — жылағандай,
Қызғыштар қыйқу салып безектеді.
Қоштасып шалдан өтіл сұрағандай.

Қасқалдақ жүзіп барып бал кұрақты
Тергенде ақ шашағын сыбдырлатты.
Жаудырдың ақиретін сайлағандай,
Кұрақтан шал кебінін құрап жатты.

III

Ес жыйып, тұра куды жетім кұлын,
Алмақ па Қасқырбайдан әке кұнын?
Шырылдап, шырқыраған зарлы үні,
Шыңылдап мазалады тау қолтығын.

Егерде жете қалса арттан қуып,
Қасқырбай келтірер ме мұны жуық?
Өлтіріп кетпес пе екен жүзі қара,—
Андарға азық етіп, қанмен жуып.

Зарлы үні кұлағына енер ме екен?
Жетімді жан деп аяп елер ме екен?
«Әкесін ақтық рет көріп қалсын»—
Деп аяп, қайрылымға келер ме екен?!

Көз жасын көл боп аққан көрер ме екен?
Қайғысын шайып-жуып бөлер ме екен?
Тосып ап Жасыбайдың асуынан,
Баланы бірге алып жөнер ме екен?!

Көмбек пе кұз қойнына шал денесін?
Көмбесе апарады қайда? Несін?
Кетпейді неге тастап сол араға,
Өлтіріп алғаннан соң, алар «өшін».

Шыйнамдай адамдықтан қайда арын?
Білемін жүрегіңнің қан кұмарын.
Тұзаққа түсіретін күн де туар,
Адамның сен секілді айуанын?

Басыла қалды неге бұлбұл әні? —
Жап-жана емес пе еді сайрағаны?
Әкесін көріп қалсын деді ме екен,
Әнімен алаңдатпай — Шалқыманы...

Құлағын түре тыңдап ақсақ киік
Шоқыйып шығып алып тасқа биік:
Телміріп көзін неге көп қадайды,
Отыр-ау, ода ішіне бір сыр түйіп...

Қанаты қатпай қалған қарлығаштың,
Өзегін у өртеген жетім жастың
Қамыққан қайғысына болып ортақ,
Мұлгуін қарашы тау; құз жартастың.

Уядан ұшпай қалған балапанның,
Тау жайлап, тас жастанған тағы жанның,
Болғанда жетекшісі қарлығаштар,
Қарашы, бастап кетіп барады алдын.

Көтеріп кара тастай қайғы жүкті,
Қолына ап екі өкпесін Шалқыма ұшты.
Көз жазды қарасынан Қасқырбайдың,
Батырып қарашығын жартас жұтты.

Тығылып ауызына күйген өкпе,
Тілініп ерні іштен шыққан лепке,
Қуарып солған гүлдей жетім ұлан,
Түскендей болды жаны жанған өртке...

Торығып тұрып қалды, талмаусырап,
«Әке!» леп айқайласа тау жаңғырад.
Естісін, дыбыс берсін оған қайдан? —
Өлген жан, тынған құлақ, қарысқан жақ.

— Көру жоқ саған енді әке бетін,
Есің жый, өксігің бас! Ей, жас жетім!
Менін де жүрегімді жандырды ғой,
Улы өмір қайыстырған сенің дертің.

Білемін, жеңіл емес сенін қайғын,
Жасынмен тас бетінің кірін шайдың.
Талдырып, тамылжытып тал ішінде,
Бастырып күйігінді күй жырлайын.—

Дегендей, сайрағанда тау бұлбұлы,
Үнінен айтпаса да сыр ұғылды,
Біле алмай не қыларын адасқан жас,
Тағыда олай-бұлай зыр жүгірді.

Дауысы күңіреніп жас ұланның:
— Адастым, енді жалғыз қайда бардым?
Қалайша, қапылыста жаным әке,
Іліктің тырнағына пейлі тардың?

Шырқырап мен артында жетім қалдым,
Буыным бекіп, бұғанам болмай балғын.
Кім сыйпар маңдайымнан құлыным деп,
Бірі боп кетемін бе таудағы аңның?

Жазықсыз мұнша қалай жараландым?
Мен енді қайда барып паналармын?
Келеді неменеге менің күшім,
Мен қалай көлден балық ала алармын?

Бота көз мөлдіредің, жасқа толдың,
Жас өмір — жас гүл едім жастай солдым.
Қоршаған айналамды кара тұман,
Шыға алмас ортасына түстім тордың.

У өмір, жылан өмір, түрме өмір
Шақ мейлін, жүрегімді қыршы, кемір.
Жалғаннан жарық күткен кенелем деп,
Тоятын «тойған шығар» сенген көңіл.

Өлімнен басқа маған бар ма қалған,
Жарлыға осынша тар неткен жалған?
Айта бар кейінгіге кәрі тарих,
Баласын балықшының тауда қалған...

Деген зар ұғылғандай жас үнінен,
Жүрегі уға толған жас күнінен.
Тау мүлгіп, құзы қалғып үн қаталмай,
Жапқанда түн түндігін күңгірттенген.

Адасып тау ішінде кете берді,
Міне ауды түн ортасы, жағы сенді,
Шалқыма өліп кетсе үйлі жанның
Өмірге келгенінен бар ма белгі?

ӨЛІМ ТЫРНАҒЫНАН

I

Түн еді қап-қараңғы қара бұлтты,
Түнеріп, басатындай тауды, жұртты.
Қайғылы қара түнді қақ айырып,
Мынау зар, удай ащы, қайдан шықты?

Тау мен тас, аңдар үннен не сыр ұқты?
Тау тартып, тас жаңғырып үнді жұтты,
Түнімен жағы сенбей қақсағандай,
Бұл жанның жүрегіне кім біз сұқты?

Зарына жаның күйіп ашығандай,
Жүректің мұң пернесі басылғандай,
Мұның кім, түнерген түн айтсайшы сен!
Көрсетпей тығып ұстап бос жасырмай!

Аузынан отты жалын шашылғандай,
Өлімге «мені ал» деп бас ұрғандай,
Қылғынып қылы үзілген қобыздайын,
Кім еді мұң-зарға бас ұрғандай?

Жүректі зарлы үні жабырқатты,
Ұйқыны ұмыттырып жазғы тәтті.
Бұл кім ед, тауда түнде шырқыраған?
— Бұл — жетім, адасқан ұл Шалқыма атты

Есіз ғой оның анау балағаны,
Онда жоқ енді қайда паналады?
Жегелі жатқан жоқ па шикі балық?
Талауға әлде қасқыр қамалады?

Жоқ мұның бәрінен де есен-аман,
Жетімнің үні шығад тас моладан,
Бейіті ғой анасының — іздеп тауып
Ес көріп, соған барып паналаған.

Құшақтап тас қабырын анасының,
Жатқанын қарашы өксіп баласының,
Тірі ана бүйтіп қояр ма еді сірә,
Көзінің ағы менен қарашығын.

Еңкейіп тасқа сүйеп зілдей басын,
Тамызып тасқа тырс-тырс көзден жасын,
Талықсып, жағы сеніп, үні үзілсе,
Аналап, тағы зарлайд бір аздан соң.

Тебіренсін ана қайдан — жатқан өлік?
Уатсын ұлын қайдан — қуат беріп?
Жетімді жұбатқандай тал ішінде,
Ән шырқап жалғыз бұлбұл болды серік.

Түн ортасы ауған соң бала талып,
Басында анасының кетті қалғып,
Анасы кіріп келді балағанға,
Тұрғандай ұйқтауын оның аңдып.

Құшақтай алды бала апатайлап,
Күлімдеп қоя берді көзі жайнап,
Әкесі төрде отыр ауын жамап,
Қазанда былқып жатыр балық қайнап.

Құшақтап құлынымдап ана сүйді,
Сүт бұлақтай сауылдап емшек иді,
Кезерген ерні жібіп Шалқыманың,
Ананың ақ сүтіне аузы тиді.

Торсықтай қос емшегін сүтке толық,
Қадалып Шалқымасы жатыр сорып!
Қолымен ұстап жатты көпке дейін, —
Ақ сүтін анасының еміп болып.

Анасы құлынының сыйпап шашын,
Төсіне тақап, қысып, құшып басын,
Иіскеп мандайынан, еркелетіп,
Түсірді мейірбандық ықыласын.

Сол кезде босағадан сары бас жылан,
Балаға жетіп келді қағып сумаң.
«Ананың бір емшегін мен емем» деп,
Ұланның шырқын бұзып, салды ылан.

Ирендеп келе жатты төске өрлеп,
Жасқанбады ол, көріп ед қолын сермеп,
Анасы тіл қатпады, әкесі де,
Жыланмен келіскендей «емсең ем» деп.

Тауысып емшек сүтін жылан бұрын,
Сұм жылан, баланы алдап қакты жымың,
«Кайсымызға сүт жүккан екен кане,
Көрелік — деді — шығар, сен де тілің!»

Көрдi де бала тілін шағып, кыршып,
Алғанда бала жерге түсті ыршып,
«Жан ана, өлдім-ау» деп шынғырғанда,
Оянды өз даусынан өзі шошып.

Шығысты шымқай кызыл нұрға малып,
Күн шығып келеді екен өрттей жанып,
Тау бағып, тоғай кезіп жүрген Иван,
Шынғырған адам даусын естіп-танып;—

Балаға бейітте отырған келді салып,
«Иван ғой!» көріп жүрген. Бала танып,
Еңіреп қоя берді жетім бота,
Өмірден көрген соққы мұңын шағып.

II

Сондағы Иван — кедей, казак-орыс,
Қысы-жаз тауды бұда қылған коныс.
Катыны, баласы мен бір үйлі жан,
Секілді тау тағысы — ұялы күс.

Көп тартқан жоқшылықтың зарын Иван,
Көп көрген дүниенің тарын Иван.
Болғанмен сырты бүтін, іші түтін,
Жүрегін у жайлаған, жалын — Иван.

Аңсайтын арман етіп өмір таңын,
Жүректің тойдыра алмай бал кұмарын.
От салды өзегіне бүгін тағы,
Ұланы шырқыраған Жаудыр шалдың.

Улы ой мең-зең қылып, мыйын шағып,
Бірі үйт, бірі бүйт деп кезек алып,
Кете алмай тауға тастап жетім жасты,
Зарлаған жағасына жасы тамып.

Жаутандап, мөлдіретіп тұнық көзін,
Жүзі айтып, өзі айтпай-ақ шердің сөзін,

Тұрғанда: тілегі бір, жүрегі бір,
Туысқан Иван неғып етсін төзім?!

Уатып, бауырына қысып басын,
«Жылама, қарағым» деп сыйпап шашын,
Артына мінгізіп ап келді үйіне,
Адасқан ақылынан «тау баласын».

Иванның бәйбішесі марқаббатты
Жан еді, жүзі жылы, тілі тәтті!
Жетімді шын жүрекпен аяп кетіп,
Балаға көрген жерден кеп тіл қатты.

Иванның Ольга, Жагор балалары,
Билікке келмесе де шамалары,
«Болсын — деп — біздің үйде» сүт жүректерге
Баланың бастастығын шамалады.

Бұл үйді жас қайғысы қамалады,
Жүрегін бәрінің де жаралады.
Жарты нан болса бөліп жер десісіп, —
Өздері жоқтығына қарамады.

Жетімді асырауды мақұлдасты,
Жат тілдер жатырқамай жақындасты!
Қайрылған канатынан карылғаштың,
Майда тіл, жылы сөздер сырын ашты

Тұңғыйық түннің сондай тұманында,
Қол беріп таудың жетім ұланына,
Өлімнің тырнағынан жас өмірді
Құтқарған, Иван, жетсін мұрадына!

III

Мәриям болып кетті анасындай,
Шалқыма іштен шыққан баласындай!
Кездесер ол күндерде некен-саяқ,
Өсірген қазақ ұлын аласынбай.

Көзінің ағы менен қарасындай,
Тұнығы, шайқалмаған шарасындай, —
Ольгасы, Жагорымен бірге өсті.
Саусақтың қатарласы саласындай.

Зымырап өтіп жатты ай менен жыл,
Мыйдай боп араласты «жат» қызыл тіл!
Киіктің ылағындай екі ұл, бір қыз,
Жас гүлдер асыр салып тауда ойнап жүр

Білінбейд жүздерінде қаяу-қайғы,
Шалқыма бұрынғыдай боздамайды.
Ольгамен қосылып ән шырқағанда,
Билетед көк еркесі боз торғайды.

Тапқансоң анасындай қамқор ана,
Өмірден не тілейді ондай бала!
Қалайша шырқамасын таудың әнін,
Жүректе бар еді деп ескі жара.

Тау іші қысы-жазы мекен жайы,
Туғанда жылдың көркі көкек айы;
Жамылып жасыл шөптен жібек желек,
Енгенде гүл-гүл жайнап жер шырайы,—
Қызғалдақ, сарғалдақпен сансыз түсті,
Құлпырып тау жүлгесі өзек-сайы,
Қош иіс мұрнын жарып анадайдан,
Төсіне біткен таудың қарағайы;
Ақ қайың, бозша талдың арасында,
Бұлбұл мен сайрап жатқан тау торғайы:
Ауасын жұтсаң балдай, желі жібек,
Бар ма екен, табиғаттың таудан байы?

Көкегі секілді тау кұралайы,
Жолбарыс секілденіп тау «кұдайы»,
Шұбыртып балаларын марал-киік,
Қызықтап майдың күнін маңырайды.

Секілді алтын мүйіз арқарлары,
Түлкісі сылаң етіп жалтарады!
Айтыпты Асаңқайғы:— деседі жұрт —
«Баян тау жер шұрайы арқадағы».

Шалқыма, Ольга, Жагор үш өрім тал;
Тәтті тіл, жайдары жүз, қылығы бал,
Асыр сап осы таудың баурайында,
Әне жүр, әнге шырқап жас бұлбұлдар!

Сызылтып, сыбызғы етіп бал қурайды
Тартқанда кұздың қойнын үн қулайды.
Бұлбұлдар тал ішінде тамылжытып,
Тоғайлар қосылғандай шуылдайды.

Тасыған таудың суы тасқын ағын,
Қосқандай толқындары сылдырмағын;
Қалықтап кұзда қыран тұрар тындап,
Сүйгендей әннің әсем сыңғырлағын.

Тау іші әнмен кызып дуылдайды,
Ән өршіп ән үстіне туымдайды!
Жастықтың қызығына қызынған жас —
Тоймайды, қанша айтса да суынбайды.

Есіне ап Мәриям да жастық күнін:
Еркінен тежеген жоқ қыз бен ұлын.
«Қапасқа қамамайын, еркін өссін»,—
Тілегі жатса тұрса болды оның.

— Жалғыз үй тау жайлаған тағы тұрмыс
Жас түгіл үлкенге де қай бір ырыс.
Бойлары көтерілсін, тау аралап,—
Деп Мариям көрсеткен жоқ оларға сұс.

— Ойнандар, тату-тәтті, болындар сақ!
Мертігіп қап жүрмендер тастан кұлап?
Бұл тауда жыртқыш аңдар көп болады,
Жүрмесін — қасқыр, қабан, аю талап,—

Деп Мариям ақыл айтып, беріп сабак,
Болған соң: балалары санын сабап,
Жайрандап тауға тарта жөнелгенде,
Тұрады арттарынан тоймай қарап!

Кіргенде таудың еркін қойынына,
Кім тояр балалық шақ ойынына!
Үшеуі қатарласып қанат жазбай,—
Бірінің қолы бірі мойынында.

Тоғайын Мойылдының қыдырғанда,
Тарақтап тал қабығын сыдырғанда;
Шарқ ұрып құлан-тайдай шапқыласып,
Шаттыққа шалқар дүкен құрылғанда;

Бірінен бірі ойнап тығылғанда,
Үнінен кұлын дауыс ұғылғанда;
Оралып аяқтары жапыраққа,
Асығыс басамын деп жығылғанда;

Сұнқылдап ана екеуі күліскенде,
Үшеуі қайта алға жүріскенде,
Жалтылдап табандары тарғыл тасқа,
Айтыспай барар жерді біліскенде;

Қызықтап таусалмастай тау қызығын,
Қымыздай қылғып жұтып қымыздығын,
Көгалдан көбелекті қуып, айдап,
Шаршамай ойнағанда ұзынды күн;

Желектей желкілдетіп жұлып сасыр,
Ат қылып мініп алып, салып асыр;
Қызғалдақ, сарғалдақтан букет жасап,
Қолға ұстап хош иісті қызыл-жасыл;

Көгалын көгорайдың етіп көрпе,
Құландай аунап-ойнап, жатқан ерке,
Базарын балалықтың дуылдатып,
Жалынын жастық жүрек көкке серпе;

Үй қылып үңгір тасты сарайындай,
Ішіне текше тастан жасау жыйнай,
От жағып, қазан асып көңілменен,
Үшеуі бірін-бірі күтіп сыйлай;

Астына жапырақтан кілем төсеп,
Түрленген тұс киізі гүл бәйшешек,
Жайып сап жуаларын жұлып алған,
Балайды жусап жатқан жылқыға есеп!

Қанатын ұстап алған шегірткенің,
Жұлғанын мен де талай еліктедім.
Қуалап көк кептерді «кири-ку» летіп,
Есімде бала күнде желіккенім!

Бұлаққа аяқтарын сұғып, малып,
Үшеуі отырғанда энге салып;
Тоғайды аралаған Иван келіп:
«Балалар!» — дегенінде, даусын танып.

Асылып бірі арқа, мойынына,
Біреуі қолын сұғып қойынына.
«Қайтындар әр-берден соң» дейтін Иван
Қол сұқпай балапандар ойынына.

ШЫРМАЛУ

Ай өтті, ай артынан жаңа ай туып,
Жыл өтті, жыл артынан жылды қуып.
Жігіт боп соқтауылдай жас Шалқыма,
Жыйырмаға жетіп қалды жасы жуық.

Иванға қолғанат боп жас азамат,—
Тоғайын күзетісіп, тау аралап,
Жалданып дуандағы бай орысқа,
Екеуі Жагорменен мал да табат.

Жүруді жек көреді босқа карап,
Жүрегін отпа дерлік — жанған лаулап.
Өсірген баласындай Мәриямды,
Сыйлайды Шалқыма да: «жан ана!» лап.

Қакпактай кең жаурынды, ұзын бойлы,
Кең маңдай, қалың кабақ, терең ойлы,
Қайтпайтын, тура айтатын өжет, өткір
Өсірді жігіт етіп таудың қойны,

Күш бітті тұлғаға сай бейне таскын,
Сабыры салмағындай қара тастың.
Өрісті, өрен болып өсті, солай
Баласы балықшының, жетім жастың.

Алайда, бір сыры бар ашудаастай,
Тіс жарып басқа жанға жүрген шашпай,
Ол сыры — әке кегі, таптық кегі,
Байланған жүрегіне шер боп тастай.

Өкпесін ауызына әкеп тығып,
Жүрегін жандырғандай от боп үріп,
Теңіздің толқынындай ой тасқыны
Болады жібергендей суға жығып;

Сол бір ой күндіз-түні ойын торып,
Қадалған сүліктей боп мыйын сорып,
Жарғандай мый қабығын кернеп кетед
Бір ойдың ұясына мың ой қонып.

Қасқырбай — көкжал қасқыр дүр ғой әлді,
Бетіне бет қаратпай жүрген жанды.
Бар ойы Шалқыманың ержеткен соң,
Өлтіру болды соны — сұр жыланды.

Түсіріп таудан ағаш, отын тасып,
Күз болса орақ орып, егін басып,
Жалданып малайлыққа қала ішінде
Шалқыма жүрді істеп еңбек-кәсіп,

Жатақтың жастарымен өзі тұстас,
Үстінде сол еңбектің араласып,
Сыр алып, сыр берісіп жан аяспай
Ортаға не болса да салысты ашық.

Бір досы Көгенбайдың Қаратайы,
Одағы Біртанаудың бір малайы.
Екеуі Шалқымамен егін, шөпке,
Кететін туысыменен июль айы.

Қайтатын Бозқыраудың аяғында.—
Жәрмеңке онда Арқаның Баянында.
Салатын шеңгелдерін саудагерлер,
Арқаның қойдан қоңыр «саяғына».

Бозқырау жердің үсті қатқан мұздақ.
Жол үсті — екі жаяу келед мұздап,
Тиеген көк арбаға бидай, тары
Қасында жаяу келед, болып қызбақ.

Өткенде Маңтөбеттің баурынан,
Асқанда Итжатпастың ауылынан,
Түтіні таңертеңгі көкке көшіп,
Көрінді мыжырайған Баян-Дуан.

«Шу-шулеп» жармадағы өгіздерін,
Алдырып анда-санда өгіз демін,
Көргені мынау еді Шалқыманың —
Шоңайдың асқанында шоғырлы орын.

Біреулер шекпен, тері, киіз, майын,
Біреулер тайша-торпақ, кұнан-тайын
Асығыс алып келед жәрмеңкеге,
Алмақ қой керек-жарақ, қант пен шайын.

Жол үсті ағыл-тегіл базаршы жұрт,
Біреуді болар емес біреу біліп,
Соқтығып мұрындығы арбалардың
Біреуді әкеткендей біреу іліп.

Саудагер жолын тосып базаршының
(Базардың нарқын білмес бұрын),
Аунатып алып жатыр, алдап соғып,
Тырнақтап жыйған майын, қыл-қыбырын...

Базарға топ-топ еніп байдың малы,
Ту бие, ат-айғыры, атандары,
Алған жоқ оны жолда ешкім қақшып,
Сатпады, әлде алуға бата алмады?

Шалқыма мен Қаратай қалаға енді,
Қалаға енді, жәрмеңке халқын көрді...
Өгіздерін доғара тастай беріп,
Қапшықтарды арқалап төкті терді...

Астықты болғаннан соң сарайға үйіп,
Ішіп жатты ас үйде шайын кұйып,
Бәйбішенің жібіген күні бар ма?
Жегендері қатқан нан қара күйік.

Кешіктің деп Біртанау ұрсып, сөгіп,
Бүріп кетті екеуін ас үйге еніп,
Буға толған бөлменің бұрышында
Іс болды екеуіне кеңесерлік.

Шалқыманың жүрегі кекті жүрек,
Кездесуін жауының жүрген тілеп,
Ертең жалғыз Қасқырбай қайтатынын
Айтып кетті Жұнай мен Райымбек.

Ол екеуі және айтты Шалқымаға:
«Сені іздепті Қасқырбай, сақ бол бала,
Қыстауымды өртеген, мүлкімді ұрлап,
Баласы — деп — ұрымның» жаппақ жала.

Құлақкесті құл қылып сені алмақ,
Бар пәлесін дайындап жатыр қармап,
Қыйын-қыстау іс болды қолдан келмес,
Ілгелі тұр басыңа қанды қармақ.

Билері бар қасында өңшең сайқал,
Қай түзулік ол билер билік айтар?
Қарсы шаппай қамалға, бой тасала,
Келгенінді білмесе өзі-ақ қайтар».

Бір қызарып, сұрланып оңып өңі,
Кеудесіне сыймастай алған демі.
Зұлымдыққа Шалқыма шыдай алмай,
Жұлып, жыртып тастады жыртық женді.

Алыспакқа жауымен белін буып,
Бірде қызып, жүрегі бірде суып:
«Жарқыратам қарынын, қанын ішем
Аяйтұғын жаным жоқ, көрсін жуып».

Тұра ұмтылды орнынан барамын деп,
Одан бұрын кегімді аламын деп,
Ақ семсерді¹ ас үйден қолына алды,
«Бүгін түні жауыма саламын!» деп.

Жібермеді Қаратай айтып ақыл:
«Керегі жоқ мұндайда онша батыл,
Айналасын қаптаған нөкерлері,
Оңайлықпен өлтіртпес, саған, батыр.

—«Ашуың бас, алкынбай, сабыр, шыда!
Оққа байлап басыңды бос қор қылма!
Ебін тауып өлтірсең онда өзге,
Салмай-ақ қой күшінді бүгін сынға!»

Терісіне денесі тұрған сыймай,
Шалқыма Қаратайдың тілін сыйлай,
Токтады, бірақ ашу тарқамады,
Қасқырбайдан тап кегін алып тынбай.

¹ Ақ семсер — Біртанаудың үйінің үлкен ақ пышағы. Шалқыма мен Қаратай «Ақ семсер» дейтін еді.

Осылай отырғанда ойға шомып,
Ауылнай аңдып жүрген торып, шолып,
Ас үйге кіріп келді аңдаусызда,
Шалқыманың келгенін біліп-торып.

Жүрегі Шалқыманың сезіктеніп,—
Ауылнай келгеннен-ақ үйге еніп,
Сүйтсе де сыр білдірмей дұспанына,
Жайрандап қарсы алды, сәлем беріп.

Ай-түйге қарайтұғын ауылнай ма?
— Шақырды сені болыс, киін, әйда!
«Шатақты салсам қайтет осы жерде!»
Дегендей қарады ер, Қаратайға.

— Болыста жұмысым жоқ,— деді менің,
— Мойнында шығының бар төлемеген.
Болыпты табандатқан тап жыйырма жыл,
Қалмады құтыларлық енді жерің.

— «Мен сенің қарамаймын болысыңа,
Тұрмаймын қол астыңда, қонысында.
Ауылнай «тәлкектесіп» тұрсын қайдан,
Жалшының құлақ қойып онысына.

Жөнелді Шалқымаға «кел,— деп — жылдам!»
Масаттанған пішінмен қағып жылмаң.
Шалқыма саспай басып, жай аяңдап,
Жүріп келед «қайда,— деп — болыс мырзаң?»

Көл менен Жасыбайдың арасында,
Жәрмеңке сыймағандай шарасына,
Саудагер Омбы, Ташкент, Қытайдан да,
Келіпті жәрмеңкеге сауда ашуға.

Қақ жарып жәрмеңкенің қалың тобын,
Шалқыма өзі біліп жүрер жолын,
Аралап жүріп келе жатқанында,
Көргені мынау болды сонда оның:

Көшелей салған өңшең көк магазин,
Кім білсін онда нәрсе көбін, азын?
Ентелеп иінтірес қаптаған жұрт,
Кешіп жүр белшесінен базар сазын.

Итеріп бірін-бірі лақтырып,
Жанталас бірін-бірі жаншып, сығып,
Мәз болып кейбіреулер шығып жатыр,
Шай-қантын «қолы жеткен» алып шығып.

Таласып өшретке төбелесіп,
Аз емес жатқандар да таяқ жесіп.
«Бұзық» деп оларды айдай жөнелді әне
«Сар жаға» сондайменен еткен кәсіп.

«Тілекті тілегенде берді» десіп,
Өзара, алып шығып аз кеңесіп,
Аз қамап абақтыға қоя берді,
Ақшаға түрмеде де ашық есік.

Жылкы, қой, түйе, сыйыр, шөп базары,
Тері, астық жәрмеңкенің көп базары.
Осының бәрінде де қаптаған жұрт,—
Еңбекші көбінесе қыр қазағы.

Әр жерде тау-тау мая: жүнмен тері,
Төгіліп жатыр тағы келгендері.
Брактап бірін олай, бірін былай,
Қаланың қасаптап тұр жебірлері.

Базарда біреу атты, біреу жаяу,
Азы шат, көбі жүдеу, көңіл қаяу.
Қысқа жіп күрмеуіне келмеген соң,
Торығып қайтуға да жүрген таяу.

Ала алмай қызға көйлек сатқан қойға,
Біреулер сенделіп жүр улап ойға.
Айғырын, атын байлар шіреп сатып,
Қызына құндыз ішік алды тойға.

Кедейлер кейіп базар келгеніне,
Күйініп, қолы жетпей көргеніне.
Кейбіреу жұтып жатыр бұлақтан су,
Нәр татпай қарны ашты да, шөлдеді де.

Үйінде қасапшының¹ ет пен қымыз,
Сапырып құйып отыр келіншек, қыз.

¹ Жәрменкелі жерде ет пісіріп жататын қымыз сататындар.

Қарқылдап қалталылар сонда отыр,
Шалқайып, мұрт шыйратып: «күй, күйыңыз!»

Бір үйде Майраның салған әні,
Жүйріктей жүйткіп кейде ырғалады,
Шарықтап шың басына канат қағып,
Біресе жұлдызша ағып сырғанады.

Көмейі күй сабасы, тілмен пісіп,
Құйғанда, тыңдаушылар тоймай ішіп,
Базарды тастай бере кейбіреулер,
Сол үйге кіріп жатыр, аттан түсіп.

Еркіндеп ерке бұлбұл отыр сайрап,
Жұтқызып тыңдаушыға әннен қаймақ,
Жүректің тойдырғандай бал құмарын
Тасыта кейде қатты, кейде жайлап.

Тастасып домбырасын басқа әнші.
Бәрі отыр Майраға болып «жалшы».
Әр үнін шыққан сайын қағып алып,
Тамызбай жатыр жерге әннен тамшы!

Талайын боз-баланың құмар қылып,
Базарын жәрмеңкенің әнмен қырып,
Дулатып дуан бойын ақын Майра,
Павлодар қаласына кетті жүріп.

Мойнында киіз сомка ауылнайлар,
Знагі омырауда — күші айбар,
«Ақ шығын», «қара шығын», «түндік басы»
«Болыс пен патшаның — мұртын майлар» —

Деп жыйып жәрмеңкеде алым-салық,
Аударып кейбіреудің атын алып,
Шығынын кейбіреулер төлей алмай,
Пәлеге базар келіп жатыр қалып

Төлемесе жазасы таяқ, тепкі,
Кейбіреулер базардан кашып кетті.
Кейбіреудің кант-шайын тартып алып,
Жұрдай қылып тонады, зар еңретті.

Қасқырбайды бір жерден көзі шалды,
Бір нашардың аударып атын алды.
Айтқа сойған тоқтының өсімі үшін,
Жалғыз аттан айрылды Сұлтан жарлы.

Шалқыма шықырлатып қайрап тісін,
Жауменен айқаспаққа сайлап күшін,
Булығып, жүрек қаны қайнап кетті,
Көргенсін жауыздардың мынау ісін.

— Жәрмеңкеге жыйналған өңшең бүйі,
Момындарға осыма тартқан сыйы?
Халық қалай шыдайды бұл қорлыққа,
Жауыр болып қашаннан шыққан шиі,—

Деді-де шыдай алмай төзім етіп,
Сұрланып Қасқырбайға келді жетіп.
— Нашарды зарлатасың неге мұнша
Атын қайыр Сұлтанның!— деді зекіп.

— Не дейсін, мұндар кұл! — деп Шалқымаға
Тұра ұмтылды. Тайсалар Шалқыма ма?
Қашан кекті қайырам деп жүргенде,
Кезең келді, өлседе тартынар ма!

Шап беріп етегінен алды барып,
Көрген жұрт тұрып қалды, аң-таң қалып,
Түйеден ауған жүктей жерге құлап,
Қасқырбай жатты шошып, көзі аларып.

Саусағы тамағына кетті батып,
Жан даусы шықты байдың аста жатып,
Ауылнай арашалап алып кетті,
Зәр шашып, Шалқыманы көзбен атып.

Танауы қусырылып, өңі қашып,
Жүрегі аттай тулап, қаны тасып,
Шалқыма жұртқа қарап былай деді;
Қып-қызыл екі көзі жалын шашып:

— Уа халық, Қасқырбайда ата кегім,
Жынды емен соқтығатын жанға тегін.
Тоқтының айтқа сойған өсімі үшін,
Сұлтанның атын алды, көрді көзін.

Билесін: менің әкем Жаудыр шалды,
Өлтірді өз қолынан кірсіз жанды,
Көмек бер, күштерің қос кедей, жалшы,
Жоқ қылып жіберейін сұр жыланды!..

Дегенде кейбіреулер мақұлдасып,
«Рас, рас дұрыс» деп жақындасып,
Кейбірі алға ұмтылып, кейі кейін,
Кейбіреу «шулы» жерден кетті қашып.

Кейбіреу Шалқыманың батылына,
Кейбіреу қайтпас жүрек, ақылына,
Кейбіреу: осылайша болу керек
Бар кедей Қасқырбайдың қатыны ма?

Кейбіреу әлін білмей әуре, десті,—
Соқтыққан Қасқырбайдай дәуге, десті,
Кейбіреу: іс ақыры не болад деп,
Жүгіртіп неше саққа «түйін» шешті.

Кім берсін Шалқымаға азғана аял,
Болыс па, Қасқырбай ма жауын аяр?
Алға сап айдап келді ағаш үйге,
Ол үйде болыс, бидің «тегі» даяр.

Қасқырбай жыйырма жылғы өрттің құнын,
Өртенген мүлік, қыстау бар шығынын,
Өндіріп алып бер деп Шалқымадан,
Жүретін билерге айтып бұдан бұрын.

«Дәулет жоқ төлей алар өрттің құнын,
Сондықтан басы байлы болсын құлым»,—
Деп бүгін бай билікті өзі айтып,
Билерді қойды ұйытып күні бұрын.

Сөз қысқа, билер төрде: «кезеп» келді,
«Кезепке» жаза берер кезек келді;
«Құлысын Қасқырбайдың мәңгі — бақый,
Билік сол» былш еткізіп басты мөрді.

Қабағы қара бұлттай қалған қатып,
Шалқыма көзіменен билерді атып:
«Бұларың дұрыс емес, көнбеймін» деп,
Орнынан тұра келді барынша атып.

— Билігің барма билер бұдан басқа? —
Ызамен көзі толып қанды жасқа,
Семсерін жарқ еткізіп сермеп қалды;
«Өлейін жауымды алып, өлсем де асқа».

Бай тесіп шыққандай боп қабырғаны, —
Сол шығар өмірі естен жаңылғаны,
Аларып көзі шығып шарасынан,
«Байландар», «ұста!» — деді дабырлады.

Боларын бір сойқанның Шалқаш біліп,
Сермеді ақ семсерді тағы ұмтылып,
Бас салды үйдегілер кекті ерді,
Семсері бөренеге кеткен кіріп.

Қолына түскендерін қылғындырып,
Біреуінің үстіне бірін жығып,
Семсерін сермеп жайқап, жуықтатпай,
Шалқыма үйден аман кетті шығып.

Шалқыма кеткеннен соң: «қарауылдап»
Көшеге үйдегілер шықты андап,
Дүрлігіп бүкіл қала түн ішінде,
Көшеден көтерілді қызыл шаңдақ.

Құтқарсын мылтықтылар қайдан оны,
Ұсталып кісенделді аяқ-қолы,
Шырмалды қалың ауға қайран ерім,
Сермеген семсерінің болмай жолы.

ТҰТҚЫН

I

Түрмеге Шалқыманы айдап тықты,
Ай-түйге қараушымед онда мықты,
Артынан Жагор, Иван іздеп кеп ед,
Күзетші жібермеді, айдап шықты.

Айрылған еркіндіктен тұтқын біткен,
Сарғайып солған гүлдей солып кеткен, —
Қатулы қабақтары ыза кернеп,
Әділдік көрмегенсін үкіметтен.

Мөлтілдеп талай көздер сүзілгендей,
Өмірден үміттері үзілгендей,
Қуарып жұртта қалған шүберекше,
Қайғылы, қансыз беттер аппақ бөздей.

Тістерін шықырлатып, азу басып, —
Жауына кекті жүрек жалын шашып,
Телміріп терезеден ертелі-кеш
Қарасып отырады жан таласып.

Бір жұтым таза әуеге аңсап, сусап,
Торығып тұтқын көздер талып! жусап,
Тым болмаса керіліп бой жаза алмай,
Есінейді тордағы аңға ұсап.

Сорпа-су, наны тастай, шайы шалап, —
Түрмеде тұтқындарға берер тамақ.
Талықсып талай жүрек аштық өтіп,
Тізесін кеміргендей етер жалақ.

Тұңғыйық ой тұманы сағымдалып,
Тастайды талай жерге алып барып;
Ауады түн ортасы түрме ішінде,
Қайтқанша қыя кезіп, ой оралып.

Түрмеде сұр қабырға — сұр жыландай,
Жел ұлыйд терезеден жылағандай.
Есікті ұсақ таспен тырс-тырс ұрып,
Тұтқынға жолығуын сұрағандай.

Өмірге өгей болып «жаралғандар», —
Түрмеге тұтқын болып қамалғандар;
Тоналып тілден басқа тіршіліктен,
Кейбірі минут сайын күтеді ажал.

Ішінде темір тордың жігері күм,
Түрмеде сол күндегі күңіренген үн,
Қояр ма еске алғызбай, кек қайнатпай,
Арманда кеткен талай ердің күнын.

Шалқыма жатқалы да жылға толды,
Қайратты жігіт-ақ ед, түрме сорды.
Албырап келе жатқан алма ағаш ед,
Құрт түскен буынына шөптей солды.

Бүркіттей томағалы торға түскен,
Қайраты қуалайды қайғыны іштен,
Білмеді жасуынды сондадағы,
Көтерді тұтқын жүгін албырт күшпен!

Тұтқындар абақтыда тек жата ма?
Тек жатса, таң ата ма, күн бата ма?
Айтысып әңгімені, сыр шертісіп,
Салмай ма жай-күйлерін бәрі ортаға?

Бір жігіт: жүзі жылы, тілі тәтті,
Толымды тұлғасы да ер сымбатты,
Одағы тұтқындалып сұр түрмеде,
Серік боп Шалқымамен бірге жатты.

Көргеннен ұнатысып бірін-бірі, —
Түйісті тілектері, үні, тілі!
Ер екен төңкерісшіл — орыс жігіт,
Сырларын өзі айтты ол бір күні.

Жасырын жүргенінде айтып үгіт,
Жеткізген үкіметке бір сұм біліп,
Көп андып, қатты ұстайды басқалардан,
Сақтанып, қауыптанып бұдан ұлық.

Ол айтты Шалқымаға: «кеңесім бар,
Тек қана сенгендіктен, саған айтар.
Байлар да, өкімет те болад талқан,
Күн жақын байға кеткен кегің қайтар!

Келеді төңкерістің дауылы тұрып,
Бірігіп жұмысшы мен барлық мұжық.
Байменен, патшаменен майдандасып,
Жоқ қылад күні ертең быт-шыт қылып.

Бұл істі талай жылдан бері Ленин
Дайындап, бастап жатқан кеменгерім.
Сөз емес түрме, тұтқын, бүгінгі азап.
Шығамыз еркіндікке кәміл сенім!!!»

Шалқыма естігелі оның сөзін,
Шыңға шыққан адамға санап өзін!
— Уа шіркін, сол майданға мен де кірсем,
Менімен бірге болсаң және өзің! —

Деп жайнап отты көзі жанып шамдай,
Ленин дегенді естіп жұтып балдай,
Ынтығып күннен-күнге сұрай берді,
Құмартып айтқан сайын қағып таңдай.

Бір күні әлгі ерді — большевикті,
Ол түрме, ол бөлмеден алып кетті,
Белгісіз қайда екені Шалқымаға
Күн өтті, айлар өтті, апта да өтті..

Жанына Шалқыманың жаман батты,
Ойласа көзден жасы көл боп ақты.
Айырды ақыл айтар қайран ерден,
Жұтбаған кімнің басын сұр абақты?

Жүрегі оттай тулап, дүрсіл қақты,
Оқ қылып отты көзін түрмені атты.
Қамауда азаттықты аңсай-аңсай,
Шалқыма сол түрмеде үш жыл жатты.

Тас түрме темір торлы, қара кұлып,
Шалқыма шығамын деп, бұзып жұлып,
Женгізіп жігеріне, қайратына,
Тағдырға табынады мойынсұнып.

II

Күз түні. Тас қараңғы, айсыз аспан.
Тау іші. Бір жалғыз үй салған тастан.
Сол үйде түн ортасы ауғанынша,
Екі адам ояу отыр ұйқтамастан.

Ортада сығырайған шолақ май шам,
Жалп етіп сөніп қалад есік ашсаң,
Әйнегін іш жағынан қараңғылап,
Екі адам оңаша отыр ақылдасқан.

Біресе секілденіп өңі қашқан,
Біресе шаттанардай көңіл тасқан,
Кеңесіп, шүңкілдесіп іс етерлік,
Ұлы іске екенуінің ойы ұласқан.

Бұлар кім?

Бізге таныс жандар көптен,
Көзінің Шалқыма үшін жасын төккен,
Жалғызы Ольгасы өліп қорасаннан,
Жагорын қан майданға алып кеткен.

Бұл екеу — Мәриям мен лесник Иван,
(Тындаушым шығармаңыз оны мыйдан).
Қан жұтып қайғыменен солған гүлдей,
Екеуі «тойған» өмір тартқан «сыйдан».

Осы үйде бұдан үш-төрт жылдар бұрын,
Көруші ек үш баланың шарқ ұруын.
Ольга, Жагор, Шалқыма осынау үйге
Болатын орнатқандай өмір гүлін:

Әндетіп, дуылдатып етіп базар,
Ұйқтайтын түн ортасы ауғанда азар.
Қызықтап кұлыншақтай қылықтарын,
Аналық мейріммен салып назар:

Мәриям шүкірлік қып, шытпай қабақ,
Бақытты өзін онда ана санап,
Тоймайтын балдырғандар ойынына,
Күндіз-түн отырса да қанша қарап.

Балалар базар етіп үйдің ішін,
Ата үшін, ана үшін, жастық үшін,
Жүргенде Иван менен Мәриямда
Болмайтын қабақ шыту деген пішін.

Міне сол қарғаштары қолдан ұшқан:
Өліммен майдан, түрме өңшең дұшпан —
Үшеуін үш жаққа алып кеткеннен соң,
Сарғайып Иван, Мәриям запыран кұсқан.

Ольга өлді, Жагор болса майдан кетті, —
Өзі өлді, әлдекімнің қанын төкті?
Кім үшін керек ондай қанды майдан? —
Деген ой ата-ананы зар еңіретті.

Талай жас, кедей жалшы қанын төкті.
Талайлар офицерден көрді тепкі.
Талайлар оққа ұшып, қылышталып,
Ата-ана, елі-жұртын көрмей кетті.

Ыңырысып қан майданда — топырақ, шаңда,
Боялып жатыр жандар қызыл қанға,
Айрылып кейі аяқтан, кейі қолдан
Кім үшін кездесті екен сорлы халға?

Жазық қанша жаралы жатқан жанда?
Кім мұнша душар қылған қысылшаңға!
Өлімге, оққа байлап басын жастан,
Барады неге майдан — тура ажалға!

Ол — соғыс байлар үшін, — жер-су, байлық, —
Көрмеген жүректері қаннан айнып,
Ол — соғыс кедей үшін — өлім, азап,
Бай, патша төрт түлігін алмақ сай ғып.

«Құрысын ондай майдан адамға жау,
Жасайтын қанынан көл, тәнінен тау.
Адамның теңдігі үшін, бақыты үшін,
Зор майдан жан сүйсінер болса екен-ау!» —

Деп Иван қорытатын ойын түйіп,
Мәриям мақұлдайтын басын иіп.
Жагорден келген хатты ата-ана
Өзіндей көріп суретін алды сүйіп!

Жайрандап солған жүздер қақты күлім,
Шаттыққа бөлегендей таудың түнін.

Майданда жау бетінде жүрген құлын,
Мұндай хат жазған емес бұдан бұрын.
Кім үшін және не үшін күресудің
Осы жол ашып жазған дәл шындығын.

Депті ол: «бай мен патша соғыстырған,
Жазықсыз сан миллион жанды қырған.
Байлардың бағы үшін, байлығы үшін,
Болмаймыз бұдан былай біздер құрбан»:

Депті ол: «Ең зор майдан тап майданы
Сарқырап аққан мынау қан сайдағы
Қанымыз өзіміздің — бауырымыздың,
Адасқан ақыл, келді қай-қайдағы.

Кұлаттық Николайды, тағы тактан,
Асынып темір сауыт, болат қалқан,
Жоқ қылып Россияның борсықтарын,
Әлемге атырамыз нұрлы алтын таң!»

Депті ол: «Біздің көсем — ұлы Ленин!
Біздің үн алмақ әлем жерін, көгін!
Аттандық қару-жарақ қолға алып,
Жоқ қылып қыйратуға жаудың шебін!»

Депті ол: «Жұмысшы мен кедей, жарлы,
Қолынан аттырады алтын танды!
Бақытты социалистік өмір орнап,
Жүректен шығарарсыз қайғы зарды!»

Депті ол: «Сағынбандар, атам-анам!
Болмандар мені ойлап әсте алаң!
Астында қызыл тудың қалың қолмен
Күлімдеп бір күн жетіп барар балаң».

Депті ол: «Әділшілік, теңдік бәрі,
Күні ертең орнап, өмір кірер сәні!
Сан ғасыр шер жайлаған Баян тауда
Шырқалар шаттық дәуір, заман әні».

Депті ол: «Ата-анам сақ бол, дайын!
Тез жеткіз Шалқымаға істің жайын,
Сергіндер, серпіліндер! Жүрегінді,
Баспасын бұрынғыдай қайғы-уайым.

Не қылса тұтқындықтан шықсын досым,
Үстем тапқа күн қараң болат тосын.
Түрмеден қашсын, шықсын, тез қосылсын,
Ленин туы астында біздің қосын».

Міне осы Мәриям, Иван оқыған хат,
Жүрекке оттай ыстық хабары шат!
Күлімдеп ата-анасы бір біріне,
Десті олар: «я жасаған» бере гөр сәт!»

Екеуі аз үндеспей тыным тауып,
Ойлары ойғада, қырға шауып,
Сенбеген тәрізденіп өздеріне
Хатты алып оқый берді ауық-ауық!

Бір кезде үйдің төргі бұрышынан
Кем емес майданда ердің қылышынан —
Қанжарды қынабымен алып шығып,
Астына баса қойды Иван жылдам!

— Тез бол, — деп Мәриямға бір ым қақты,
Мәриям ымынан-ақ ойын тапты.
Оншақты жұмыртқаның қабығына,
Манағы хат хабарын жазып жатты,

— Ал Мәриям, мынау қанжар ер жарағы! —
Дегенде Мәриям да жалт карады.
— Жеткізем мұны қалай Шалқымаға,
Тінтеді, жібермейді, ақтарады!

Мәриям аз ойланып: — таптым, деді,
Нан жатыр түбінде анау қаптың, деді.
Шанша ғой, тікесінен тік бойлатып,
Көрінбейді, таба алмайды.

— Таптын! — деді.

Есігін тұтқын үйдің таң атқанда,
Шалқыма катуланып бір қаққанда,
Кім тыңдап аша қойсын. Ашулы ер,
Байлаулы бурадай боп дәл ақпанда —

Бұрқанып, шықырлатып тісін қайрап,
Аш! — деді катуланып, қатты айқайлап.
Біреуі кеп кілттерін сылдырлатып,
Нығызсынып есікті ашты жайлап.

— Таң атты, неге ашпайсын, бұл есікті?! —
Итермелей Шалқыма тысқа шықты.
Жап-жас қана жігіт ед, бүгін міне, —
Үш жылда болып қапты сақал, мұртты.

Есікті ашқан жігіт айтты оған:
— Мынау тамақ, әкелген Иван саған.
— Көрмегелі үш жылдан асып барад, —
Амандастыр үш минут, — деді — маған!

Жалынса да қанша айтып, Шалқыманы
Жібермеді, жүрегі балқымады.

— Көрермін күнім туса — деді герой,
Ашынған адам неден тартынады!

Бұл сөзді айтты зілді, ашу кернеп,
Әрқашан талапты ерді қайрат жеңбек!
Хатты оқып жұмыртқаның қабығынан,
Қанжарды тауып алды наннан іздеп.

Көңілі көктің айна аспанындай,
Шаттығы дарияның тасқынындай.
Жүзінде бақыт нұры күлім қакты,
Өсіріп көңілін таудың асқарындай.

Қалжыраған денеде қуат тасып,
Түрмені құлатардай күші асып,
Қанжарды оңды-солды сермей берді,
Жүргендей бейне жаумен майдандасып!

АЗАТТЫҚ

I

Түн еді, құлыптаулы түрме берік,
Жанында Шалқыманың жан жоқ серік.
Ысқылап алақанын ояу отыр,
Жүйткіген қыялына ойы еріп.

Қанжарын қолына алып, полға қадап,
Улы іске басын байлап, етіп талап,
Қараңғы көк түрменің, темір торлы
Түр еді әйнегінен тысқа қарап.

Көрді ол: жұрт ұйқыда, шамдар сөнген!
Бұлт бүркеп заңғар аспан күңгірттенген,
Улеген желден басқа сыбдырласып,
Ағашта жапырақ түр дыбыс берген.

Көрді ол: күзетші жүр қақпай кірпік,
Көзіне тығылса да ұйқы кілкіп.
Сүйеніп мылтығына қалғып кетсе,
Найзамен оятқандай біреу түртіп. —

Селк етіп, жүріп барып... ысқырады,
Мылтығын кейде қарға қыстырады.
Ақ боз ат албардағы тыпыршынып,
Жануар өз-өзінен пысқырады.

Есінеп, терезеден әуе жұтып,
Кірпігін бір қақпастан, қабақ шытып,
Аңсаған азаттыққа жас Шалқыма,
Телміріп аз кем тұрды болып ынтық.

Жүрегі атша тулап, төзім бермей,
Қыялы қыя кезіп, аспан өрлей,
Жалынды жас жүрекке біткен қайрат,
Түрмеге, тұтқындыққа тұрды көнбей!

Бүркіттей томағалы кернеп ыза,
Ұшардай қанат қағып биік құзға
Үміті алға ұмтылды алғыр құстай,
Шыдамай жамбасынан өткен сызға.

Барды да тысырлатып есік қақты, —
Қағуын үсті-үстіне жылдамдатты!
Күзетші ежірейіп жетіп келіп,
— Қағасын, — деді — мұнша неге қатты?!

— Аш — деді қатуланып — дәрет қысты...
Күзетші ойламады алдағы істі.
Есікті ашып: «Ал шық!» дей бергенде, —
Шап беріп күзетшіге қона түсті.

Шап беріп алқымынан тұншықтырып,
Жіберді кеңірдегін сығып-сығып!
Сауылдап қара қаны мұрынынан,
Күзетші ессіз болып жатты сұлық.

Тастамай мылтығын да күзетшінің,
Шалқыма ортасында жарым түннің
Мініп ап ақбоз атқа тізгін қақты:
Жеткіз! — деп — ұлы қолға, уа жүйрігім!

II

Шығып ап даласына еркіндіктің,
Сіміріп таза ауаны жұтты тұтқын:

«Бастадым бір жұмысты не де болса,
Талқандап тас түрмесін қашып шықтым».

Деді де қалжыраған бойын жазып,
Татпаған бір жарым жыл таудан азық, —
Сергіді табиғаттың сәулесіне,
Көңілінің қасіретті шерін жазып.

Келеді әлденеге ойы шалқып,
Қырандай кейде ұшып, көкте қалқып,
Өртейді кейде өзегін ойдың уы,
Денесін өрт отындай жалын шарпып.

Бір ойы олай тартып, бірі бұлай,
Біреуі қыяға өрлеп, бірі құлай!
Жетектеп бірі алға, бірі кейін,
Ит жығыс түсіп келед екеуі ұдай.

Жеңгізіп қайратына, ақылына,
«Бұл бетім дұрыс» деді, ақырында.
Онысын мақұлдаған секілденіп,
Ақбоз ат ағып келед тақымында!

Бойына күш-қуатын қайта жыйып,
Соңғы ойы кеудесіне қатықша ұйып.
Шешілмес шиедей ғып, берік байлап,
Жол үсті жүрегіне алды түйіп.

Жұмбағы шешілгендей жүрген көптен,
Сырласып сыр тартқандай торғын көктен
Аспанның аясына тоймай қарап,
Арманы сұрағандай онан да өткел!

Атқытып ақбоз атты бейне тыйын,
Қыядан күстай ұшып нелер қыйын,
Келеді көлге беттеп, тау ішімен
Қарсы алып сол бір күннің тартқан сыйын.

Сарқырап түнде аққан тау бұлағы,
«Сапарың оң болсын!» деп сылдырлады.
Ай бөлеп ақбоз атты сәулесіне,
Жапырақ танығандай сыбдырлады.

Сүйрендеп, беттен сүйіп жел тынбады.
Тысырын ақбоз аттың жер тындады.
Секіріп тастан-тасқа қуанғандай,
Киіктің ойнақ салып жүрді ылағы.

Ақбоз ат жерді сүзіп ұмтылады,
Секілді оқтың ұшқан зырқырағы!
Қарасын қашса үздірер, қуса жетер,
Жануар ерге қанат, ер пырағы!

— Жолықпай Иван, Мәриям ата-анама,
Қетіп барам, жүректе ол бір жара.
Тірі болсам ақтармын еңбектерін,
Таппадым таршылықта басқа шара.

Өрт шалған қанатымды дертті кұспын.
Қысы жоқ жаққа қанат қағып ұштым.
Бастаған, бел байлатқан мені бұған,
Тұтанған төңкерістен ұлы ұшқын.

Естимін төңкерісшіл ер қабарын,
Большевик, Ленин деген қаһарманын,
Білмеймін анық қайда екенін де,
Өлмесем, сенімдімін, бір табамын.
Қуә бол ай, көк, жұлдыз, тау менен көл,
Бұзуға шыққан бетім жау қамалын!

III

Жүрісі сонша суыт болып қатты,
Міні ол Найза тасқа келіп қапты,
Аралап тоғай бойын, таса жерді
Атына «ә» дегенше-ақ іздеп тапты.

Аяғын тұсап, талға байлап атты,
Үстіне жамылыш қып жапырақты,
Тоғайдың тасасымен таң алдында,
Көзге түсіп қалмаспа, қайда тартты?

Жүрегі Шалқыманың дүрсіл қақты,
Көк үйді көзіменен оқтай атты.
Сол кезде үй ішінен тықыр шығып
Шалқыма сезіктеніп бұғып жатты.

Қарандап, біреу шығып шөп ығына,
Жалп етті, әлде кұлап жығылды ма?
Салбырап жерге тиген жуан қарын,
Мұрнының пысылдаған шуылын, а?

Түнерген қара бұлттай қабағы да,
Ісіктей іркілдеген тамағы да,
Қайқылау біткен жүндес қаба сақал,
Уқсайды қырқылмаған жабағыға.

«Қасқырбай» осы. Шалқыма жатқан андып,
Тыйынша шөп бұрышына жетті қарғып,
Бүркіттей бүре түсті кездескеннен
Төбесінен нажағай соққандай қып!

Саусағы алқымына кетті кіріп,
Өңешін өндіршектеп, буындырып,
Мұршасын «өлдім» деуге келтірместен,
Қанжармен жарқыратып кетті жарып.

ҚОСЫЛЫС

I

Сыдырып ақбоз ойнап тал қабығын,
Тұр екен сайлағандай жол жабдығын,
Шалқыма жетіп, келді тал ішімен
Сорғытып тамған қанын қанжарының.

Төңкере тастап көзін тостағандай,
Боз ойнақ бас изеді қостағандай!
Шалқыма қарғып мініп тізгін қақты,
Жел есті ер сапарын қоштағандай!

Таң атты, қойшы оянды елден бұрын,
Уқалап қолыменен көз былшығын,
Аспанда батып бара жатқан шолпан,
Қойшыға күнді нұсқап қақты жымың.

Көк торғын судырлатып көйлек киген,
Бәйбіше үрейленіп шықты үйінен:

— «Бай қайда, көрдің бе?» деп дауыстады

— Жок. — деді қойшыдағы тартпай күйбең

Бәйбіше шапшаң басып, шөпті айналып,
Өлген адам үстіне барып қалып,
Сылқ етіп кұлай кетті көрген жерден,
Боялып қанға жатқан байын танып.

Таңертең ертеменен тұрған жанды,
Шақырып, қойшы абыржый айкай салды.
Даурығып ауылдағы нөкерлері,
Басына Қасқырбайдың кеп жыйналды.

Әркімнің ойына әр іс жатты қонып,
Өлімін әрнәрсеге оймен жорып!
— Кеткен ғой қасқыр жарып, — десті кейі,
— Тамағын бауыздапты, қылыш орып.

Саурынан тамшылатып терін аттың,
Болысқа, дуанға да кетті шапқын.
Жыйналған қара кұстай молда, қажы,
«Әуелден жазу ісі, — десті — хақтың».

Сүйсініп жарлы, малшы іштерінен,
Бірақта, шығара алмай тістерінен,
Шоктығы көтеріле бір күрсінді,
Ауыр жүк алынғандай үстерінен.

Айызы қанып байдың өліміне,
Қайтқандай кедей кегі көнілінде.
Өтірік жылағанмен жас шыға ма,
Несіне көзін сүртсін өңіріне.

Көк таудан көтеріліп күн асқанда,
Кұндыздай күз қойнына нұр шашқанда,
Алдынан Шалқыманың екі аққу
Аңқылдап отырды ұшып көк аспанда.

Жасырып көктің кұсы, болып серік,
Ұштыда бірсыпыра өршеленіп,
Асқанда Жаман аула бөктерінен,
Айналып қалды екеуі бір көл көріп.

Көсіліп жатқан елсіз дала жазық.
Ақбоз ат айдап келед баурын жазып.
Бұркырап ақ көбігі езуінен,
Есінеп, желді жұтып етіп азық?

Геройдың ақбоз ұнап тақымына
Балады ең сенімді жақынына:
«Түспеспін жау қолына оңайлықпен,
Жүйрігім сен тұрғанда тақымымда».

«Баспасын әзір камшы сауырыңа, —
Кездеспей тұрып күннің ауырына...»
Деп герой тартып келед елсізбенен,
Соқпастан Мамыттардың ауылына.

Жүрісі жер желісін қуырғандай,
Тұяғы жер тамырын суырғандай,
Ер алмай ескен жел де екпініне,
Жүрегі әулекінің суынғандай.

Қолында Шалқыманың кайың сойыл,
Барады ат үстінде салып ойын:
Доп қылып жер тезегін аспанға атып,
Еркіндік даласының жасап тойын.

Кең дала қойнын ашып ұланына,
Сыбырлап желі шаттық құлағына,
Алдында күн батардың біздің герой
Кеп түсті Үш қамыстың құрағына.

Азырақ көтермекші аттың белін,
Өзі де көз шырымын алмақ, демін,
Қауып жоқ ешнәрседен көңілінде,
Жайлаудың жалғыз жайлап жатты көлім.

Шыққалы еш қараға келген соқпай,
Несіне осы араға қалды тоқтай?
Дуаннан солдат шығып қуып келед,
Кезеніп найзаларын, мылтық оқтай.

Намысын Қасқырбайдың жыртып табы
Құмары, шашпақшысы кімнің қаны?
Қалың қол қара күрттай тауды сүзіп,
Бәрі қуып келеді Шалқыманы.

Шалқыма тартқанымен соқпай елге,
Жоқ па оны есіз түзде кергендер де?
Көз тігіп, күдіктеніп қалмап па еді,
Мал жайып дөң басында жүргендер де.

Ұйқтап жатты жалғыз түзде ұлан,
Ол түні түскенде жоқ жерге тұман!
Орнынан атып тұрса шошынғандай,
Таңдағы көк жиектен берген қылаң.

Ақбозды ерттеп, тартып айылдарын,
Түсіріп кепкен терін, сыйпап жалын,
«Қуғыншы жокпа екен» деп келе жатқан,
Шоқыға тартты «шүү» деп жануарым!

Жолшыбай тыңнан елден аттар мініп,
Асығыс, тізе бүкпей суыт жүріп,
Қуғыншы жетпекші боп келеді екен,
Шалқыма Ерейменге кетпей кіріп.

Шоқының биігіне шығып тұрып,
Қараса жан-жағына мойнын бұрып,
Қалың қол қаптап келед қара құрттай,
Атойлап қамшы үстіне қамшы ұрып.

Шоқыдан шауып түсті, тізгін қақты,
Күн туды шын жүйткітер ақбоз атты!
(Шалқыма түнде түнеп қалғанында
Қуғыншы оған тақап жетіп қапты).

Артынан жау жаудырып атты мылтық,
Аяғын ақбоз аттың түспек қырқып,
Оқ тиен сол қолының жарасын ер
Ат үсті байлап алды жеңін жыртып.

Ақбоз ат шапқан сайын желдей есіп,
Түссе де жау атқан оқ алдын кесіп,
Жүрегі селт еткен жоқ Шалқыманың
Ат үсті секілденіп жорға бесік.

Қара үздік екеу шықты озып топтан,
Алдымен осылар ет ерге оқ атқан,
Оқтары таусылсада, тобын тоспай,
Екеулеп түсірмекші ерді аттан.

Ол ойын Шалқыма да сезіп қалып,
Атының басын тежеп тосып алып,

Екеуі ортаға ала бергенінде,
Түсірді сойылменен бір-бір салып.

Олармен айқасқанда, алысқанда,
Оқ жауды таяуданда, алыстанда
Ақбоз ат сылтып қалды оқ тиген соң,
Кездесті қыйын-қыстау арыстанға!

Алдында Өлеңтінің долы өзені, —
Бір тыныс Қарашаттың Қосөзегі.
Шатқалға жаудан бұрын кірмек болып
Шалқыма соған тартқан бір кез еді;

Жануар елең қылмай қонжарасын,
Жеткізді шатқалға аман ердің басын,
Сартылдап келіп қалды қуғыншы да,
Шалқыма сезді ме екен кұтылмасын!

Тік жартас Қарашаттың арғы беті,
Түбінен ағып жатыр долы Өлеңті,
Бұрқырап бурадайын кісі алатын,
Өзеннің ұстағандай жынды дерті.

Бетінде калқып күзгі судың сеңі,
Соктығып бірін-бірі сүзгіледі.
Тұңғыйық судың түбі түпсіз терең,
Адамды жұтатындай көрінеді.

Артында топтап қуған кұғыншы жау,
Алдында өткел бермес өзен мынау.
Бір өлім, жау қолында яки суда,
Осыдан жоқ секілді басқа тандау.

— Өлу-қак бір өлемін, бірақ ерте, —
Өлгенше жау оғынан боршаланып,
Ағызып, мейлі әкетсін өзен ерке.

Деген ой Шалқыманы суға бастап
Жіберді долы өзенге бірақ тастап,
Қанжарын тастамастан тістеп алып,
Сүнгіді су астымен басын жасқап.

Жартастан ердің суға секіргенін,
Көргенде «атқан оғым тиді менін» —

Деп өзді-өзі таласты қуғыншылар
Алмақшы кісі өлтіріп ұлық шенін.

Жүгіріп бір-екеуі келсе шауып,
Алмады тасқа тамған канды тауып.
Бірінен-бірі көріп, жанжалдасып,
Төбеттей, бірін-бірі жатты қауып.

Түспеді бірі суға, тұрды тоқтап,
Жан тәтті, «жіберсе де қазір соттап»,
Жалма-жан су үстіне оқ жаудырды,
Бірінен-бірі көріп мылтыққа оқ сап

Тұңғыйық түпсіз терең өзен тасып,
Бетінде толқын ойнап, көбік шашып.
Жұтпақшы, батырмақшы басқан жанды,
Ойыны-шыныменен араласып.

Долданып долы толқын белін басып,
Батырмақ жеңсе ерді күші асып.
Ағызып асау ағын мың үйіріп,
Қысылды ер, оқпен, сумен жанталасып!

Мылтық дауысы шыққанда суға сүңгіп,
Қанжарымен толқынды жарып, тіліп,
Жиекке жеткенінде герой жүзіп,
Алдынан қаптаған қол келед жүріп.

Артымнан қуғыншылар келген қаптай,
Түсе алмай бірі суға қорқып батпай,
Ар жақта қалған жоқ па ед, алдағы кім?
Жау болса өлтірді ғой бас бұлтартпай!

— Шығып ем ұзақ жолға, іздеп жарық,
Мынау қол кеткені ме қанға малып?
Деп герой жарға бұғып тасаланып,
Ойға қап тұрғанында кейін-налып.
Үн келді құлағына музыканың,
Шырқаған «Интернационал» әнін салып.

Жүрегі Шалқыманың дүрсіл қағып,
Кенеттен бойын от-күш билеп алып,
Алдынан атқан таңның нұр сәулесі,
Күлімдеп қоя берді нұрға малып!!

Балқытты тас жүрегін толқындатып,
Шалқыма шыдай алмай жардан атып,
Шыға келсе; қалың қол қызыл тулы,
Келеді лек-лек болып шеру тартып!

Жүгірді алдарынан көтеріп қол! —
Быт-шыт боп құлдық бұғау үзілді тор.
Құтылып улы өлім тырнағынан,
Шалқыма болшевикпен тартты ұлы жол!

1937 жыл.

1949 жыл.

ҚУАТ

(Поэма)

Аз ғана ақша бұлтты айқара ұстап,
Мұз бөркін шекеге сап, бұлтпен тыстап,
Көсіліп Алатаудың кұзы жатты,
Секілді темір сауыт қалың штаб.

Шымырлап, шапшып атып, қайнап бұлақ,
Көп толқын көкке шайшып ұбап-шұбап,
Секіріп тастан-тасқа тасып жатты,
Құз қойнын қулай ағып, жортуылдап.

Жамылып жасыл жапырақ қалың тоғай,
Мың түрлі үн, жырлап жатқан бұлбұл-торғай.
Саңқылдап кұз басында қыран отыр,
Көз тастап төңірекке, қарап тоймай.

Көпірді Ыстық көлде күміс көбік,
Көк толқын бетінде ойнап, көрік беріп!
Керіліп, қос қанатын сілкіп тастап,
Күлімдеп аққу отыр төсін керіп.

Айнала үйрек ұшып, қаз қаңқылдап,
Айдынның самалында жүр салқындап,
Қызғыштар қыйқу салып, безек қағып,
Шаңқылдап шағалалар жүр жарқылдап.

Сол көлмен Алатаудың арасында,
Жарасып эмблема жағасында,
Отанның ел қорғайтын, ерке ұлдары,
Ойнап жүр еркіндіктің даласында.

Кешкіріп ұясына қонғанда күн,
Сәулесі кұшакка алды кұз шекесін.
Тақталы қызыл-жасыл патсайыға,—
Орады батыстағы аспан көгін.

Жарқырап тау баурында жанды электр!
Тау-тасқа күн батса да төгілді нұр.
«Жаңа өмір» қолхозының гүлстаны,—
Электр сәулесіне бөленіп тұр.

Егістен колхозшылар салып әнін,
Қайтқанда, әсем әуез тербеп маңын;
Ағылып ордасына келіп жатты,
Бетке ұстап жарқыраған Ильич шамын,

Тапсырып сарайшыға саймандарын,
Жуынып терге сінген шаң-тозаңын,
Болғасын. Бригадир жариялады:
• Кім озып, бүгінгі күн кім қалғанын.

Тұқым сарай аузында тұрды кұлып,
Ешбір жау ала-алмастай тартып, жұлып.
Айналып акыран жүр колда мылтық,
Акырын, оқта-текте бір ысқырып.

Сауылып, кешкі сыйыр сүттер қайнап,
Бетінде кілкіп ойнап көбік қаймақ.
Өргізді өгіздерді өріске айдап —
Іңірде азда болса болып жаймақ.

Ағытты кұлындарды, бие сауып,
Тай-байтал ойнақ салып кетті шауып.
Мамырлап жайылымнан қаздар қайтып,
Отырды ұясына тамам тауық.

Астауға сауылдатып сұлы төгіп,
Аттарды жемге байлап қойды көміп.
Аққанда ауызынан сұлы майы,
Ернінде бұрқырады күміс көбік!

Ас үйден бу бұрқырап, будақ-будақ,
Көк түтін көкке атылып умақ-шумақ,
Дайындап біреу ыдыс, біреу үстел,
Біреулер нан мен етті жатты турап.

Басқан жоқ ешкім қадам, ас үйге аттап,
Ортаға жыйналысты тәртіп сақтап.
Бір күнгісі емес бұл — егіс бойы, —
Уставтары тәрізді алған жаттап!

Жіберді патефонның күйін бұрап,
Шырқалды ән, жан толқыта күй сыңқылдап!
Желпініп кешкі салқын самал желде,
Қолхозшы күліп-ойнап отыр тындап.

«Сырғақты», «Сұрша қыз» бен «Қанатталды»,
«Дударай», «Ісмет», «Толғау» әні ойналды.
Басқанда «Буденныйдың маршы» на,
Жорықты өткен бір кез ойға салды.

Орнынан жастар жағы ұшып тұрып,
Қырандай көтерілген канат ұрып,
«Марш» — қа қосылғанда жігерлі үн!
Тау мен күз тындағандай мүлгін, ұғып.

Осындай шаттық күйде кешкі тынық,
Күй шалқып кешкі әуеде жүрді жүзіп.
Күрілдеп өзен біткен көтергендей,
Сылдырлап бұлақ ақты сылқ күліп!

Сол кезде;

Дулатып кешкі іңірді салған әні,
Бір жігіт келе жатты дала паңы!
Астында ойнақ салған тракторы
Мандайда жарқ-жұрқ ойнап қос фонары.

Бұл — Қуат. Келген бетте төңіректі, —
Прожектор отындай шолып өтті.
Өркешсіз нар түйедей қарагер ат
Көзіне анадайдан түсе кетті.

Аттардың тұлғасымен тобын жарып —
Тұрған атты сыйпады Қуат барып.
Бота көзін төңкере тастап сыртқа,
Қарагер кісінеді оны танып.

Жаясын сыйпап, сүртіп, жалын тарап,
Сымбатына сүйсініп тоймай карап, —

Тұрған Қуат қасына жұрт жыйналды,
Атты да, Қуатты да тамашалап.

— «Мұның не, тынықпастан Қуат шырақ,
Дәл осының тұрған жоқ онша ұнап.
Жұмыстан келсең ылғый ісің осы,
Күтуші бар сенсізде, бұл не азап?»

Әскерге қарагерді мініп бардың,
Пулемётчик деген де атак алдың.
Не сыр бар екеуінде онан басқа,
Бүгінгіше біле алмай соған таңмын?»

Деп — сұрады Қуаттан қарт Самалық,
— «Ол терең сыр, я қарт, сізге танық.
Ал тындай бер, айтайын енді сізге,
Өлімнен құтқарғанын қалай алып».

Деді де аққан бұлақ жағасында,
Арқасын сүйеп тоғай ағашына,
Күлімдеп, көтеріліп бастады сөз,
Сүйікті Самалықтай ағасына!

— 27-жыл ғой ол,
Мен әскерде жүрген кез,
Лагерьде жатып естідік,
Бір күні бір суық сөз.

Басмашының қалдығы,
Бекініпті тау-күзға.
Шеру тартып жөнелдік,
Сырласып көкте жұлдызға.

Арада күндер өткенде,
Тау көрдік тап осындай!
Бөлініп кеттік полктен,
Бұйрық ап жолшыбай.

Күздың қойнын қуалап,
Бытқыл бұйрат тау, жартас,
Келеміз іздеп аптығып,
Жауынгер туған өңкей жас!

Келіп қаппыз үстіне,
Қоршап алды бізді жау,
Күтпеген жерден кездесті,
Қыйын кезең, тар құрсау.

Қынаптан қылыш суырылып,
Винтовкадан шықты оқ
Пулемёттен ұшты өлім,
Жау жанына шашып от.

— Бердіндер ме хабарды?
Полк қайда?

— Хабар жоқ.

— Сонымен майдан басталды,
Тау іші түтін, жарқ-жүрқ ст.

Талқандалып тау жатты,
Атыс-шабыс, қан майдан.
Құмалақтай қорғасын,
Қан саулатты маңдайдан.

Жаралап, тіліп, оқ турап,
Ыңырсыған жатты жан.
Терге шіріп тебінгі,
Сауыт-сайман болды қан.

Күн батардың алдында,
Топшымнан тиді екі пуль!¹
Елемедім ет қызу,
Ақсадағы қан дір-дір.

Ақ бантикті алдым да,
Айқара таңып тастадым.
Қорғасын сүңгіп жүрекке,—
Қансырай да бастадым,

Қалжырауға айналдым,
Жау күші басым, әлі көп.
— Полк келіп сол кезде,
Берермеді жауға оқ төпеп!

¹ Пуль — оқ.

— Полк бізден хабарсыз.
Қайдан келсін ол мұнда.
Бір жұтым суға зар болдым,
Тілім сыймай аузыма.

Өлген он бес адаммен,
Мен жатырмын жаралы.
Құздан қыран санқ етіп,
Жұлдыз көктен қарады.

Келді сол кез қасыма
Жануарым қарагер! —
Ақ сабындай бұрқырап,
Қолтығынан аққан тер.

«Мінші досым!» дегендей
Сүйретіп жерге шылбырын;
«Мынадан ұста!» — дегендей
Көлбеңдетті күйіріңын.

Екі көзі жаутандап,
Маған қарай береді.
Қозғалар менде дәрмен жоқ,
Зіл басқандай денемді.

Тұрайын деп ұмтылдым,
Таянып таптық намысты.
Баурына тартып қара жер,
Қаусыра ұстап, жабысты.

Он бесі де өз баурым,
Жамылыпты қан кебін.
Өртенді ішім, күйіндім,
Өлгеніне ерлердің.

Шығып кетті, көзімнен,
Бүртіктеген ыстық жас —
Қабакқа катқан қан еріп,
Жағама тамды аралас.

II

Түн. От басы. Бірінің
«Пулеметім қолында».
Кекті жүрек «Өл» — деді ---
«Пулеметтің жолында»

Күйінгеннен көзіме
Жас келіп ед, от жеңді!
Токтау салып өзіме,
Кенеттен бір ой келді:

— «Қорықпаймын өлімнен,
Өлмеуім керек бірақ та!
Тулама долы жүрегім,
Обықпа өлім, қой тоқта!

Өлсем дұшпан жариды,
Пулемёт пен ат, окка.
Жауды ертең жайратып,
Жасауым керек қан соқта.

Қан төгілмей, окка ұшпай,
Болушыма ед қан майдан.
Ер өлгенмен ел тірі
Мәңгі жасайд ұлы Отан!

Кегімді жауға жібермес,
Жауынгер Қызыл Армия.
Кір келтірмей өтейін
Елімнің намыс-арына!» —

Деген ойдың үстінде,
Жатыр ем от басында,
Құтырған, кәрі басмашы
Жетіп келді қасыма.

— Жатқанын кара мұндардын?
Деді де тепті кеудемнен.
Ышқынып қалдым, қорландым,
Ішіме әрең сыйды дем.

— Қайдан шықты, қанша қол,
Бізді қуған жау қайда?
Сендерден басқа тағы да,—
Бар ма әскер бұл маңайда?

Тіл қатпадым. Басмашы
Шал тағы да ақырды:
«Кескілеп өлтір қылышпен!»
Деп жендетін шақырды.

Қарсыласар дәрмен жоқ,
Қанға батқан бір кезің.
Тісімді қайрап жатырмын:
Берерсін деп кезегім!

Біреуі кеп қылышын
Суырып алды қынаптан,
Өткір жүзі дірілдеп,
Ормақ қой мені тамақтан.

— Полктың күшін жауыма,
Қалай айтып беремін.
Айтсам оным жан сауға,
Жауға істеген көмегім.

Айтпасамда, айтсамда,
Өлтіреді, білемін.
Өлімнен қорқып сескеніп,
Селт етпеді жүрегім.

Көкке қарап шалқамнан,
Шықырлатып тісімді,
Қозғалмастан жатырмын:
Сақтап тірлік пішінді.

— Аянышты білмейтін
Айуан жау, тас жүрек.
Өлсем өлдім, өлмесем
Мағанда тиер бір кезек.

Бұрканта атып оқтарды
Бұзармын осынау орданды.
Ойран еткен батырмыз,
Сененде зор көкжалды.

Күлінді көкке ұшырып,
Сүйегіңнен күл-тезек
Жасайтын күн бір туар,
Басмашы қашқын, қу кезеп.

Азаптан аман қалам деп,
Айта алмаспын саған сыр,
Күтпе жауап алам деп,
Азаптай бер! Қел өлтір!

Тимеген ед оқтан кем,
Касара айтқан сөздерім.
Былайша еді сол азап
Есім барда сезгенім:

Түнерген түнді қақ тіліп,
Оттан темір шыжылдап
Шықты. Тәнім түршікті,
Ай аунады қырындап.

Ұшқын ұшып, жалындап,
Келе жатыр қызыл от.
Не қыларым білмедім,
Денем кетті мұздай боп.

— Қыйнамай өлтір жауыздар!
Ыршып түстім сынды ағаш
Түнімен талып жатыппын
От басында жалаңаш.

* * *

Түн ортасы ауғанда
Көзімді әрең ашып ем.
Қал-шамам жоқ аунауға,
Өлугеде асық ем.

— Атып тастау керек — деп
Сөз байласты, тоқтады.
Кенесіп алып келісіп,
Біреуі мылтық оқтады.

— Токта, атпа өлтірме?
Біздік болсын оқ атсын.
Соңғы сөзін берейік,
Не дейді өзі тіл қатсын.

— Егер оған көнбесе...
Десті, шалды құлағым,
Жетіп келді қасыма,
Қайырып мылтық құлағын.

— Кара басым камы үшін,
Өлімнен қорқып қаймығып,

Жауға неге берілем,
Тап туынан айрылып,

Оқ атқанша отанға,
Қарым сынса болмай ма.
Асыру керек айланы,
Бірақ та, жаудан мұндай да.

Полктан әлі сыбыс жоқ,
Табалмай жүр-ау сабылып!
«Құп» демесем жау сөзін,
Оққа ұшам, қанға малынып.

Су іштім де бір жұтым,
Салқындаттым ішімді,
Басымды ғана изедім,
«Біздік» деп жау түсінді.

Дуылдасып өзді-өзі,
Қарқылдасып қалысты,
Жеті жерге ет асып,
Даулатып от жағысты.

Қылыштарын қайрасып,
Найзаларын саптасты,
Жараларын байласып,
От басына қаптасты.

Күжілдесіп күлісіп,
Масаттанды, мақтанды,
Қоразданып, қокыйып,
Шаңқылдасты, шаттанды,

Тамақтанып алған соң,
Шолушысы аттанды,
Жіберді отқа-далаға,
Бірсыпыра аттарды.

Қарагерім шұрқырап,
Жоқтағандай үйірін;
Тұяғымен жер тарпып,
Ышқына соғад бүйірін.

Жануарым далада,
Жалғызсырап, пысқырып,
Жүргенін шалып құлағым,
Дем алдым іштен ышқынып.

Қозғаларлық дәрмен жоқ,
Ыңырсып, аунап жатырмын.
Күш қуатым жыйғанша,
Күтіп істің ақырын.

III

Түн түнеріп, тунжырап
Құз қалғып, тау мүлгіді,
Ояу жатқан кезім ед
Естілді аттың дүбірі.

Асау бұлақ арындап,—
Күрсінгендей күрілі,
Ай аунақшып қырынан,
Тау тінткендей бүлінді.

Алып ұшып жүрегім,
Әлденеге жорыды,
Өз-өзімнен құлшынып,
Ысқылай бердім қолымды.

Сонша болмай боз атты
Шауып келед далақтап,
Қой болар ма? Алдында
Өңгергені салақтап.

Әйел екен — қой емес,
Аузын таңып тастапты,
Қабырғасын күйрете,
Ер қасына жастапты.

Ербендетіп қолдарын,
Аяғын басып тақымға;
Шауып келіп тоқтады,
Ниязбай жатқан шатырға.

Сылқ еткізіп боз аттан,
Қызды жерге құлатты.

Шатырдан шығып Ниязбай,
Қызды көрді, «ұнатты».

Кіргізіп шатыр ішіне,
Тіл катпастан жылатты,
Қыздың даусы шырқырап,
Шықты бір кез тым қатты.

Кілем, киіз, тон, шекпен,
Әкеп жатты тағы да,
Көзім түсті қылыштың,
Қынапқа тамған қанына.

Тау қуысын толтырды,
Мандағы елдің малына.
Кек үстіне кек қайнап,
Өле жаздым жарыла.

Қылыш тілген мандайын,
Жар тасқа тіреп бір адам,
Қол-аяғы кісенді,
Ынырсыйды «тілсіз» жан.

Тан белгісін бергенде,
Дем алды сорлы ышқынып,
Күніреніп тау, тоғай,
Жел ұлыды ысқырып.

Ықылық атып, кыйналып,
Көз жұмарда бишара,
Қызға: — «күтыл!» дегендей
Етіп кетті ишара.

* * *

Түскі тынық мезгіл ед,
Жаулар жатты тынығып,
Бұлаққа қарай тартты қыз,
Жаралы белі бүгіліп.

Жан-жағыма қарап ап,—
Тұрмадым менде кідіріп,
Арасымен ағаштың,
Қызға жеттім жүгіріп.

— Ағай!— деді қыз менің,
Бетіме карап үңіліп,
Көзінен мұнды мөлдір жас,
Жағаға түсті үзіліп.

— Байқауымша сіз менің,
Жауым емес, жақыным,
Ісің, түсің өзгеше,
Кімсің айтшы, жарқыным!

— Оның рас қарындас,
Мен бауырың, досыңмын.
Қолға түстім, тұтқынмын,
Келмей жатыр қосыным.

— Жасынды тый, қайрат қыл,
Қарындасым жасыма!
Ұнамайды қайғыру,
Біздің елдің жасына.

— Кездесе алмай жүр едім.
Сізбенен — деп, қасыма
Жақындай түсіп қарындас,
Сырын ашты ашына:

— Азаматы ауылдың,
Жүр еді шөп басында,
Үйде жалғыз шешем ед,—
Ақ кірген бурыл шашына.

Ойымда түк жоқ, оңаша
Отыр едім үйімде,
«Келіп қалды!» деп шешем,
Өңі қашып кірді үйге.

Басмашылар екенін,
Білдім, састым, қысылдым,
Тірі тастап кетпес деп,
Өлімге басты ұсындым.

Үрейленіп, жүгіріп,
Шөп астына тығылдым,
Жасырынбай жалаңаш,
Қалса керек бұрымым.

Алып шықты сүйретіп,
Бұрымымнан жауыздар,
Суырып алды қылышын,
Деп ойладым бауыздар.

Алдына бірі өңгере
Бергенінде, жан анам:
«Қайда әкетіп барасың?»
Деп жармасты жалма-жан.

«Бізге керек қызың» деп,
«Шүү» деді, атын тебінді,
Шылбырына оралып,
Жылады шешем, егілді.

Көнбеді жау, көнбеді,
Налыды анам, қарғады,
Ардан шыққан айуанға,
Өтпеді ана зарлары.

«Қалмайтұғын қақбас!» деп
Қатуланып қылышын,—
Суырып алып шапқанда
Найзамен бірі жарды ішін.—

Деді-де қыз егіліп,
Жылады өксіп тағы да.
«Құтылар күн бар мекен»
Деді қатты қамыға.

— Көп сөйлеуге уақыт тар,
Қарындас ес жый, ерлік қыл!
Ертеңгі түн қашамыз,
Осы арада дайын тұр.

— Тез кетейік ағажан,
Тарылып барад тынысым! —
Деп күрсініп қалды да,
Қыз кеңітті тынысын.

IV

Тықырымды білдірмей,
Орнымнан жылжып сырғанаң,

Жерге төсеп баурымды,
Пулемётке жеттім жорғалап,

Айдың бетін бұлт басты,
Болысқандай жасырып,
«Бол жылдам!» деп жүрегім,
Лып-лып соқты асығып.

Қолым тие бергенде,
Пулемёттің бойына
Жардың ыстық төсіндей
Болды маған мойны да.

Бір суынып, бір ысып,
Ұмтылдымда, мүдірдім,
Ойым сол кез бұзылып,
Өз өзімнен бүліндім:

— Батылың барып қолым-ау —
Замокке қалай жүгірдің,
Осыным не япыр-ау? —
Дедім дағы, мүдірдім.

Тағы создым қолымды,
Пулемётке, — замокке,
Қолыммен қысып хобутты,
Түстім бір зор әлекке.

— Босамасын деуші едім,
Пулемёттен жалғыз винт,
Алма, таста, сау қалсын,
Пулемётің болмай мерт».

Деген ой кеп тағы да,
Қолымды тарттым, — көнбеді.
Алқына соққан жүрегім:
«Ал, замокты ал!» — деді.

Қышқаштай болат саусағым,
Замокке тиді, жабысты;
Не тартып, не қоймадым.
Жаралы қарым қарысты.

— Жан жолдасым пулемёт!
Жауға арнаған жарағым;
Жау колынан босанып,
Жылысып, қашып барамын.

Замогінді алмасам,
Өзім сенен өлемін,
Достым, майдан жолдасым,
Сондықтан ғана көнемін.

Жау колында қоймасқа,
Ай асты серт беремін?
Отряд ап полктан,
Қайта оралып келемін!» —

Батылы бармай бұзуға,
Дірілдеген дененің,
Күшін жыйнап алдым да,
Қороптан алдым замогін.

Жүріп бердім қоштасып,
Пулемётпен түн іші,
Күзетшіден басқа әлі,
Білінбейд жанның дыбысы!

Қарагерім қақшыйып,
Басын жерге салмастан,
Ақ мандайын ай сүйіп,
Жерден бір шөп алмастан —

Тұр екен шетте оңаша,
Қалыңдықтай жар күткен!
Атта сөйлер тіл бар ма,
Таныды білем жүрекпен!

— Сенсін сенген жүйрігім,
Жауда қалды пулемет,
Замогын алып мен кеттім,
Пулеметке беріп серт.

Жаралы жанды жайнатып,
Полкке апар, жылдам жет»
Дедім де мініп атыма,
Тауып алдым қызды іздеп.

Қолыма қолы тиісімен,
Қарғып мінді қарындас!
— «Ал бастаныз аға жан!
Тұтқынға, Бақыт, жолыңды аш!»

Жаңа жүре бергенде,
Аттан салып, куды жау,
Жан талас қаша жөнелдік,
Жаңғырықты күзды тау.

Ойнақтап, орғып қарагер,
Тастан-тасқа секіріп,
Ақты жүйрік жұлдыздай,
Жау шулады өкініп.

Аса бердік жартастан,
Алдымыз өзен, асау сен.
Артымыз жау, жан-жақ тау
Кездесті қыйын-тар кезен.

Кісі алатын бурадай,
Бұркылдады долы өзен;
Бастан оғы зу етті,
Жаудың бізді көздеген.

Қойып бердік өзенге,
Қарындас айтты:— япырмай
Неткен долы өзен ед,
Қоймас мынау батырмай.

Мынау толқын, қатты ағын,
Мінгеніміз жалғыз ат,
Әлде нешік боламыз!» —
Деді қорқып, қалтырап.

Топырласып, шуылдап
Жауда түсті өзенге,
Үйдей толқын үйіре,
Соқты бізді өзенде.

Судың сүйеп бетіне,
Қарагерім иегін,
Жүзіп келед, тар кезен:
Тізгінмен басын демедім.

Жал-күйрығы жайылып,—
Су үстіне қалқыды,
Толқынды үріп танауы,
Жүзіп, жүзіп.. малтыды.

Шыға келдік жиекке!
Қарындас күліп жіберді!
Шығалмаспыз-деп — судан,
Үзген екен күдерді.

Артымызға қарасақ,
Жауды толқын үйіріп,
Айдап барад ағызып,
Алдына сап иіріп,—

Батып-шығып кейбірі,
Кейі кейін қашып жүр,
Басымен қайғы кейбірін —
Сен белінен басып жүр.

— Қарындас!— дедім таң аға,—
Аулыңа алып барайын.
Аман көріп ауылың,
Қуансын туған ағайын.

— Ағажан оның болмайды,
Сіздерден неге қалайын.
Полкке мен де қосылып,
Майданға бірге барайын!—

Деп қыйылып қарындас,
Қолқалады, өтінді!
Не көрсе бізбен көруге
Болаттай боп бекінді.

Жеттік аман полкке,
Замокті алып, асығып,
Қуанысып достарым,
Мойнымнан жатыр асылым.

Аттың терін құрғатпай,
Жау-жаракты асынып,
Жорыққа шықтық саптанып,
Жеңгенше жауды асығып.

V

Мұрат алда уралап,
 Жаудың кірдік шебіне,
 — Жеткенің осы, залым жау,
 Өлетұғын жеріңе!

Тау іші болды тас-талқан,
 Атыс, шабыс, оқ, түтін,
 Екі жақта ұлы егес,
 «Жендірмеймін!»

— «Жеңемін!»

Манағы қыз — Ақбала
 Айқастың жүрді бетінде
 Жау өрмелеп тауға асты,
 Тасқа бұғып бекіне.

Жеті жерден пулемёт,
 Құрып тастап тауды аттық,
 Тауды емес-ау, тауаспақ
 Болған, өңшең жауды аттық.

Кейде қылыш сермесіп,
 Найзаластық, қағыстық.
 Қосынды тосып, күш жыйып,
 Атакаға шабыстық.

Ала туы жалп етіп,
 Жаудың жерге жығылды.
 Ту көтерген Ниязбай,
 Тас қуысқа тығылды.

Көре сала Ақбала
 Ниязбайға атты оқ,
 Бастан мыйы бұркылдап,
 Сүйегі кетті быт-шыт боп.

Пулемётті көп іздеп,
 Тауып алдым даладан,
 Замогін сап сол жерде,
 Винт бұрадым жаңадан.

Омақа боп жау калды,
Табанға түсіп таптала,
Біздік болды, алынды,
Жау жайлаған жат дала.

Қайратқа досым сүйсініп,
Күйінді, күйді жат жара.
Елейтұғын ерме біз,
«Жаралы» деген ат қана!

Жорықта жауды жайратып,
Қайтып келдік қалаға,
Ту көтеріп қарсы алды,
Туысқан, туған іні-аға.

Қарт Самалық, сыры осы,
Бұл қарагер атымның.
Майдан серік жолдасым,
Шын досым, шын жақыным.

Егін салып, мал бағып,
Шаруа істеп жатырмын,
Отанға қауып күн туса,
Майданға дайын батырмын!

1937 — 1949 жыл, Алматы.

КРЕМЛЬДЕ

I

Антанта кайта кұрып зеңбірегін,
Атуға октанғанмен совет елін.
Қызыләскер қылышы орған кез ед,
Ақ-банды қалдығының кеңірдегін.

Сақшысы нық-нық басып Кремльдің,
Сәулесін күзеткендей ай мен күннің,
Октаулы винтовкасын қарына іліп,
Отты көз қарақтап жүр «түн сыйқырын»!

Кұлпырған қызыл жұлдыз орак-балға,
Сақшының төбесінде,— қызыл туда
Шар тәрізді шарықтап көтерілді,
Күн қасына жетердей тұпа-тура!

Айналып Кремльдің қабырғасын,
Қолымен сыйпап кейде мрамыр тасын;
Сақшының бірі болып Шабай да жүр,
Оқтап ап жауға арнаған винтовкасын!

Атқанша рауандап таң ағарып,
Сөнбейді бір бөлмеден түнде жарық.
Шығады күнмен бірге сол бөлмеден
Ай маңдай, ақылды адам күлім қағып!

Міне ауды түн ортасы, күндегіше...
Жарқырап жанған жарық бөлме ішінде,
Сәулесін түсіріп тұр терезеден
Сақшының күзеттегі найза үшін!

Солардың жағасынан сілке отырып,
Жарамдысын жайнатып, күресте ұтқан.

Коммунизм қауымының данышпаны —
Владимир Ильичтің даңқ таңы;
Алтайлық делегаттар көкірегінде
Революциядай шалқыды өз жылындағы!

Аязды — аяз, боранды — боран демей,
Күлім жүз, көңіл шолпан ырық бермей,
«Москваға!

Ленинге!» — соққан жүрек
Толқыны шапшый түсті, кеуде керней!
Бар тірлік

Ие болған жан атына,
Аңсаған арманының қанатына,
Мініп ап самғағандай болуы хақ:
Ильичке бір кездесу сағатында!

Алтайдан самғап ұшқан алтай қыран
Тәрізді

Көздерінің жарқылынан:
Жан сезім ұқтырғандай ыстық сырын,
Көкірек күйлерінің сыңқылынан!

«Ильичке қазір баян етем»!; деумен
Секретарь әйелдің кіріп кеткен
Кабинеті —

«Ильичтің кабинеті!»
Сонда отыр!

Сонда отыр ұлы көсем!
Уа, дүние! Арманым не жүзін көрсем!
Еңбекші ел сәлемін айтып берсем!

Сергей, Зейнеп, Ақан мен Есей бала,
Қуаныштан сыймастай жер шарына;
Әрқайсының шапеті тұлғалары
Толысты асқар таудай шоқтықтана!

Жөткіргісі келсе де жөткірінбей,
Сөйлескісі келсе де бірі үндемей,
Жақ ашпастан,

Жайраңқы жүздерінен
Сыр ұғысты нәресте жүрегіндей!

«Кірсін!» деген жалғыз сөз келсе Ильичтен!
Жан күйі жазғы Ертістей тасып іштен,
Алтайлық делегаттар отыр шалқып;
Адамдай Ильичпенен кездесіскен!

— «Басқа іс көп, уақытым жоқ, ертең кел-
сін!» —

Деп Ильич айта қалса не істерсін,

— «Күдікті қой!

Аузынды жап бәлекет!»

Жым болды Ақан, Зейнептен сөгінгенсін.

Ефим Долгов терендей шомып ойға
Ауыр тілек, ал қайрат жыйып бойға,
Риддердің жылдарын шумақтап ап
Тың шахта, тың забойдан тың зобайға

Түсуді.

Тілек, арман етіп бастап,
Ильичке лайықты сырлар ашпақ;
— Сабыр! — деді ол отырған достарына: —
Ойымыз, тілегіміз болсын асқақ!

«Риддер пролетары сәлемдерін, —
Жаксы әке ықласымен тындар Ленин!
Бар жай-күйін башайлап білер болар,
Ауыр жылда аяусыз мертіккеннің!»

Ефимнің осы сөзі бәрінің де
Орныкқан ойлары еді жүрегіне;
«Тез үлгір! Еске түсір тілегің не?
Не деп ед ондағылар жүрерінде!»

«Қаран қалсын Лениннен бүккен бір сыр» —
Әрқайсынын жүрегі үн берген жыр
Шарықтап Маяковский өлеңіндей,
Алдағы жылдар дауысын дайындап тұр!

Алтай түлкі тымағын киіп алшы;
Болатұғын адамдай тойға жаршы;
Ақан отыр: «Бәрінен мен әзір!» мен...
Зейнеп оған: «Әуелі қабылданшы!»

Есейдің жас түлекті көңіл кұсы,
Самғай берді! Ешкіммен жоқ жұмысы,
Ақ ниет, албырт жүрек атой салды
Ильичті көруде!» боп есі-тұсы.

Анашы Зейнепке де жауғандамай,
Ат жакты, сұрша бетті, дақсыз маңдай
Бала Есей!

Дережабльдей старт күткен..
Ішінен тықыршыды, шыдай алмай!

Жүгіре жөнелердей сабап санын;
Кабинет есігінің ашыларын
Күлімсірей күтуде... Байыптап ап,
Үлкендердің жүздері толқынғанын!

Көлкіген жер бетінде көз жас көлін,
Қалқыған нелер ғасыр-қанның селін;
Ада-гүде құрғатқан өз қолымен:
Пролетар,

Бастаушы Ильич Ленин!
Қабылдамақ!

Соқ жүрек, соқ қаттырақ!
Бұл секунд тұра аласын қалай шыдап.
Ильич «Қабыл етемін!» десе егер,
Көгінен түсер еді Марс кұлап!

«Семірген өлең шөпке бордақы өгіз —
Феодал қанауменен туған егіз,
Некесіз туып, атын біреу қойған
Буржуазия, көкіме!

Көкісеніз:

Бакытты, азаттықты сұрап алмай,
Төбеннен жаркылдатып от найзағай,
Пролетар үстемдігін жер әлемде,
Ойлашы, кім жасамақ, біз жасамай!
Коммунизм!

Ол үшін революция!
Ол үшін:
Пролетарды, күшті жыя;
Күндей шалқыл, күреске қаһарлантып
Айқасқа бастау керек... Компартия!

Таптық қоғам туғаннан бергі,
Барлық

Күрес жолдар:
Үстемдік, кіріптарлық,

Азап, рақат,
Бейнетқор,
Жатып ішер

Бағыну, бағындыру... түрме жарлық. —
Жасама!

Жасатпаймыз, дереу қыйра!
Бұл жолда болмақ емес күш рья.
Аттан ұлы майданға, ал қаруды,
Сал жанды, революцияшы Россия!»

Өмірге келіп жеткен қауым, ғасыр,
Лениндей тапқан емес шын жанашыр!
Күресте жеңіс туын күнге тігіп,
Өмірді Ленин берді ұлаи асыр!

Алтын тақ, екі басты самұрықты,
Айқаста «ап» дегеннен лақтыртты!
Борсыған буржуйлықты Россиядағы
Жаңғақтай қыйраттыртты... Тұман зытты!

Қырқысу қыл кезенде тойға ұласты,
Қыйқу сап қырдан аса қызық тасты.
Даусынан жеңіп шыққан пролетардың
Паналар қуыс таппай қырсық қашты.

«Жасаған, не жазып ек?» — болып ұмыт,
Жарқ етті ғасыр бойы бұққан үміт.
Октябрь дауылында көтерілген
Қызыл ту қыйырда да тұр құлпырып

Езілген бейнетпенен еңбекші нық,
Еркінше есе тиіп, есін жыйып;
Тағдырын, келешегін баурап жатыр,
Замана көкірегіне күш құйынып!

Күреспен бақыт құшқан ел арманы:
Күлдіртіп, күлімдетіп ең даланы:
Күйігі, күйініші, қайғы-шері,
Келмеске кеткендігін хабарлады!

Кабинеттің есігі жайлы ғана
Кенеттен кең жиһандай ашылғанда;
«Жүр, апа, кірейік!» — деп атып тұрды...
Жас балдыр қуанышты Есей бала.

Тыйынша атып орнынан түрегелген
Үлкендер де
Баланың жүрегімен
Ілгері толқый басты:

«Кірсін!» депті...
Күндей боп көтерілді Ильич төрден!

Күндей боп көтеріліп Ильич төрден,
Өзіне тән қызулы жүрісімен;
Шапшаң басып, шат жүзбен қарсы алып
Амандасты достармен, көріспеген!

Бұл секунд әрқайсының түстерінен:
Көктемнің күн сәулесі іште жүрген,
Тәрізді
Сыр ұқтырып,

Жайраң қақты:
«Ленинді көру!» — арман іште жүрген!
«Уа, ғажап!.. Өзіміздей?»
«Өзіміздей!»

Адамзатта болмайтын бітім іздей;
Көсемнен көз айырмай
Сергей, Ақан
Қарай берді... Қарауын ұят сезбей.

Орта бойлы, кеуделі, кең самайлы;
Күндей жарқын шырайлы, ай мандайлы;
Қалың қабақ астында қарақты көз
Жанарынан күн толқып, нұр қайнайды!

Жүзіген нұрлы күлкі ерніндегі;
Досына — бақыт, шаттық, мейірімі еді!
Сол ернінде жәнеде қаталдық бар
Душпанына рақымсыз көк семсерлі!

Ақыл-ойдың мұхиты, іс шебері;
Ғасырдың, пролетардың стратегі
Ильич Ленин дидарын көргеннен-ақ
Алтайлық делегаттар кемелденді!

Алтайлық Ефим, Сергей делегаттар,
Кен сырын ақтара айтты алуан қатпар
Қойнына алпыс алуан асыл тыққан
Бар,— деді — нелер шыңрау, күзды шатқал!

Лениндік ізгілікпен нақ-нақ тындап,
Жырақтағы ұлының қалын сұрап
Сағынған жақсы әкенің мейірімімен
Алтай жайын кеңесіп отырды ұзақ

І Петр

Рас, ұлы адам —

Орысты ұлы ел етіп сол кұраған!
Тарихта жарқын жүзді жанның бірі
Жанының жалынды оты жарқылдаған!

Ұлы адам бар болғанмен бастамаға
Ұлы іс заманасыз бастала ма,
Алтай сырын ашуда ұлы Петр
Ұлы ойын ұрлатқандай масқараға!

«Зертте» деп Алтай кенін зерттелмеген
Жарағын жарқылдатып сауыт киген
Офицер — капитан мен поручикті
Ұлы Петр қалайша жіберді екен?

Кең байтақ, кен қойынды Россиядан,
Алтайды зерттеп қайтар жан таппаған
Ол бір сондай күн еді;

Бүгінгідей

Заман қайда, екiнiң бiрi маман!

Мезгілдің өрескелдік мінезіне
Қынжылсақ, ғапу етер Петр бізге.
Аянышпен бір қарап қойды Ленин
Алтайдың бағы күнгі келбетіне.

Күпецтер, помещиктер мемлекетін
Қүдіреттеумен улантып ақыл, еркін;
Ұлы Петр ұғалмай кеткен болса
Алтайдың жер астының «кереметін» —

Соколов

Ұшыменен көк бұрғының

Астынан Риддердің, тұрғысының;
Ақ күміс, сап алтынның сырын ашып,
Шығарды металлдардың тұңғыш үнін!

Жалғаннан жарық күтіп сан замана,
Қатқан кен қара жердің құрсағында;
Жарқ етіп жер үстіне шықты-ау ақыр,
Өмірге келгендей боп жас шарана!

Отанға өтеп кеткен борышының
Бірі осы — ғалымның орысымның!
Соколов — Соколный боп шалқып отыр
Төрінде Алтайдағы қонысымның!

Соколовтан кейінгі жылдарда да
Кімдер қанат қақпады Алтай шыңға!
Степан Попов деген жуан қарын
Он екі-ақ бұт кен апты он бір жылда.

Үстінен жердің асты сырға сараң,
Оның солай екенін біледі адам.
Талқандап кен қоймасын қопармасаң,
Қайыршысын телмірген қақпасынан!

Бой бермей келген талай ғасырларға;
Кен тауы, жер асауы Алтай паңға;
Адал сырын айттырып, ән шырқатқан
Мың алғыс, социализм заманыма!

Ағылшын, Америка жалдаптары
Байлығын жер астының қазақтағы;
Мұхиттың аржағынан тіміскілеп,
Мұздағы аш қасқырдай жалақтады.

Уркварт, Губер-Сувер аждаһалар
Алтыннан басқа нені ұғар олар.
Адамды Риддерде шақты емес пе,
Көтеріп ажал туын ала шұбар!

Қолчактың әскеріне төгіп барын,
Қожалық етпек болған екі залым,
Қолчактың мыйы аузына түскен күні,
Сол керек, тастап қашты шалбарларын.

Жай кашпай тонап қашты Риддерд'
Шахтаны, забойларды су үйірді,
Жау қолынан жаралы жердің асты
Қозғады көкіректен кек күйімді!

Көлеңкесі тәрізді сұрғылт айдың
Бозаруын көргенде өр Алтайдың,
Мұқтаждыққа өшпендік күші Ильичтің,
Ауыр жыл азабынан асырды айбын.

Апатты тұрған халден Риддерді,
Құтқару жолдарының қыйындығы,
Біздерге таудай іс боп көрінгенмен,
Ильичтің елесін бе кең иығы!

— Алдымен сақтау керек жұмысшыны
Ол үшін тез басталсын жұмыс күні.
Келешегі кең байтақ Риддердің,
Отанға жете берсін тұңғыш үні!

Оренбург

Қирцикке, крайкомға,
Қолма-қол берді Ильич телеграмма —
«Риддерді қайтадан көтеріндер,
Адамдар мәселесін ал, — деп — қолға»!

Қанат біткен тәрізді әрбір сөзге
Сым ішімен сырғанап іп-ілезде,
Кабинеттер есігін жеңіл ашып,
Кіріп барды Ильичтің тап өзінше!

Кіріп барып Ильичтің тап өзінше!
Мәселені шештіріп өз көзінше;
Ильич сөзі жауынгер сапқа шықты,
Жеңісті Апрельдік Тезисінше!

Бір күні: гудок даусы Риддердің
Шырқайды жер астының тың дүбірін.
Жарқылдап жаңа қайла забой бойла...
Көтермек мыс таулары Ленин туын.

Арналған мың-мың жылдық игілікке,
Әрине, ауыр болмақ тартар жүкте!

Өмір ұзақ!
Сен де ұлы жолға шыда,
Уа, достым,
Мезгілді ұт, тізе бүкпе!
Басқаны қой,
Әуелі өзіңе сен!
Ғылыммен,
Техника мен құдіреттен!
Табиғатқа бой беріп, басыңды име,
Ол саған келіп тұрсын очетпен,

Сонда өмірді ойнатып алақанға,
Денцигіндей жұмсайсын тағдырды алға;
Мандайдан тер, майданнан жеңіс таппай.
Жалынып әкеңнен де жарылғанба!

Қара жер астына да керек бомба,
Қалтырайды тек қана ода сонда.
Комбайнмен қопарып, бұзып жатсан,
«Алшы ал!» дейді алынбас асыл қорда!»

Деген ой делегаттар жүрегінде
Атой сап,
Риддерден жүрерінде
Ленинге айтпақшы боп арналған ғой!
Сол ойы бірге кірді Кремльге!

Бірақ, бұлар оны айтып үлгірмеді.
Шахтыда Ильич бірге жүрген бе — еді?
Қанігі қарт техниктей шахтадағы,
Забойды — штіректі ол түгендеді.

Қатпарлы құз, қалайы тауын көрді,
Сынаптың толқып жатты теңіздері!
Жер астының кен тауын теңеді Ильич
Алтайдың тауына жер үстіндегі!

— Уа байлық!

Не еткен байлық мұнша ғажап!
Тауса алмас ой аралап, қыял шарлап.
Коммунизм сәулеті екен Алтай,
Осындай жер иесі жаса қазақ!

Дүние жаралғаннан жерге шөккен,
Қарт Алтай асылдарға екен бөккен!
Жарқ етіп жаңа ғасыр келер күнін,
Тас қойма күтіп жатқан екен көптен.

Көп күндер көп жылдарды иыққа сап.
Қырандай келе жатыр отты қанат!
Сымбатты сол жылдардың құрметіне,
Сай тұрсын Риддер де сыйлық арнап!

Мешеу ел боп қалмайды Россия!
Оған біздің жеңісті өмір куа!
Зор Алтай, зор Риддер жасау қажет
Ол үшін электрлік индустрия!

Міне осы.. Алтай жайлы түпкі мақсат.
Бұл мақсат көрінгенмен бүгін асқақ,
Ол сөзсіз!

Әзірінше Риддерде
Жұмысты жүргізіндер шағын бастап.

Шағын бастап, Шалқарды етіп арман;
Большевиктік сезіммен қыймылдаған
Топ

Бұзбайтын, алмайтын қамал болмас!..
Қөз жазбандар түпкі ұлы нысанадан!

Ильичтің осынау айтқан озат ойын,
Әрқайсы көкірегіне жазып қойып;
Рақат ықыласпен тындай берді...
Ильичтің өз жүзі де күлімдеді.

Мұхиттың толқынындай еңбек тасқын,
Тербелтіп техникаға жердің астын.
Қопарып кен тауларын жер үстіне,
Коммунизм күніне күміс шашсын!

Тамсанып, ауызынан суы құрып,
Мұхиттың арғы жағы жатсын ұлып.
Әр динамит бір тауды опырғанда,
Мүрдем кетсін әр буржой бір ышқынып!

Деп ойлап.

Ақ маңдайын алақаннан

Алды Ильич:

Көтерілді биікке шам.
— Қайсыңыздың баланыз — деп Есейді,
Сұрады Ильич алтайлық делегаттан.

«Менің балам», —

Деп жауап берген Зейнеп;
(Жан еді жесірліктен көрген бейнет)
Ажымды өңі әпсетта әлпештеніп
Өжет ана іркілмей кетті сөйлеп.

«Көрден де тар көруші ем кең жалғанды,
Өксуін баспас деуші ем мендей зарлы,
Қайтеміз «Әке» ғана болғандарды,
Бір бала түгіл қыйдым бар ғаламды!»

Деді ана, ақ жүректен сыр ақтарып!
Ильичке мақтанышпен қарап қалып
Орнынан атып тұра келді Есей,
Ботадай тілерсегі бұрақтанып.

Қуанғайнан айқай сап жібергендей,
Күлімсірей жымыңдап тұрған Есей,
«Шешемнің айтқаны айтқан, оқытыңыз!»
Дегісі келген еді, қалды үндемей.

Ұғымды ол айтпай-ақ оның сыры,
Ильичтің еркелеткіш жүзі нұрлы;
Есейді шақырып ап өз алдына:
«Луначарскийге!» деп қалам сызды.

«Луначарскийге!»

Деп жазды да Ильич;
Есейге: «Электрлік оқуға түс!
Салуды арман етіп оқығайсың;
Зор электр станция — зор құрылыс!»

«Күп!» — деді сертке берік бала жігіт.

Зейнептің жолдастары: Ефим, Сергей:
«Бақытты болады енді, шеше сендей!»
Деген ойлар қорытқан жүрегімен
Қуанды Зейнептің өз жүрегіндей!

Алтайдың қазыналы асыл кенін,
Аймақтың жүрегіне теңеп Ленин,
Оралдың інісіндей көрген еді;..
Алыптың көп ойланып келешегін!

Алдағы он жылдардың, жүз жылдардың
Жалма-жан болжап кейбір жоспарларын,
Ефимнен, Сергейден де қайта сұрап;
Жазды Ильич, олардың да қосқандарын.

Адамның қан тамыры алпыс екі-ақ,
Алтайда сексен жеті өзен-бұлақ,
Көтеріп кен тауларды күлкісімен,
Шырқайды толқып күйін ұбап-шұбап!

Ертістің арнасы кең, жары биік,
Көк қасқа толқындары бұлтты үйіріп,
Долдана шалқып, шарлап, такаббарсып,
Сорғалап солтүстікке жатыр күйіп.

Кешсек те басымыздан не қыйындық,
Пайдасын көргеміз жоқ бір тыйындық.
Жатсада: Көршім, Тарғын, Бөкен, Шульба,
Бұхтарма өзендері кіл күйылып!

Оба, Ульба, Делбегетей, Қызыл Суым,
Ертіске күйылған көк долы үйірім;
Асыр сап алтынды Алтай аясында,
Аймақтан асыруда айқай шуын!

Жүректей көкіректе салған дүбір,
Сол өзендер күркіреп,
Ағыл-тегіл

Көз алдынан жарқырап өткен сайын,
Алтайға жаркылдады Ильичтік нұр!

ГОЭЛРО планының өз жылында
Ертіске салынбақшы зор станция!
Күн көгіне шығалмай құласа да,
Ол план шықпақ Ленин ұғымынша!

Тоқта Сергей, тоқта Ефим... тыңда, тоқта!
Риддердің тынысы жойқын тоқта!

Қай тауды қопарып ап қоршау жасап,
Қай өзенді айналту керек отқа!

III

Геолог-инженерлер Ильич алдын
Көргенін жаза берсек болар сан мың.
Алтайдың су байлығы жайлы болды
Бүгінгі бір кеңесі данышпанның.

Өзі жазған сөз қызыл блокнотқа
Көңілінде бәрі сайрап тұрды жатқа!
Қайда мыс, қайда күміс, қайда сынап,
Қай өзен, қанша ағады, қай сағатта!

Кеңесіп мамандармен жайлап кана...
Көп тындап аз сөйледі Ленин дана!
— Алтайдың, Риддердің кен байлығын
Қандай күш айналдырмақ қазынаға!

Лениннің,

Риддердің қойған шартын,
Басқадан бұрын ұққан Егор Галкин;
Ильичке кішілікпен жауап берді:
«Алтайдың өзендері — өзі де алтын!»

«Жел,

Көмір

Кенді Алтайға емес қолай,
Екі өзен Риддерді ағады орай...
Гидро-электрлі станция сап,
Жасаймыз Алтай нұрын тау қоралай.

— Өзімде ойлап едім — жөні солай.
— Қуат жоқ судан күшті, судан оңай.
— Сенемін, судан оттар жандырған күн
Жер асты кеннен босап, өспек тоғай!

Судан от жандыратын күш Ильичті
Дарытпай аққан жұлдыз, ұшқан құсты,
Алтайдың заңғар-заңғар тауын шарлап,
Ұшқыны забойларды барып күшты!

«Ақ көмір» атақ беріп аққан суға,
Мезгілдің ырық бермей озуына;
Егорды жауырнынан қақты Ильич,
«Кіріс — деп — проектін тез сызуға!»

Креслода отырған төрткөз бейбақ;
Манадан отырған ғой бір пәле ойлап;
Кекесіндеп Ильичтің ұлы ойын
«Оңай болмас—деді ол—жасай қоймақ!»

— «Электрлендіру» — деген сөз байтақ елді —
Революция!

Деп Ильич түрегелді!

Ішінде күшігі ұлып жатқан сойқан:
«Бұл елде болмайтын іс,
Қыял» — деді.

Төрт көзге Ильич сонда деді: тоқта
Октябрь туы сенше, жеңген жоқ па!
Сенімсіздік сергелдең сенің ісің..
Социализм жеңісі миллион тоқта!

Кеше жауға атака жасаған тап;
Диктатура қожасы пролетариат!
Коммунизм жүрегін соқтыратын
Қуатты токтан алмай қайдан алмақ!

Бүкіл елді электр сыммен торлап,
Қара жерді киловат токпен қозғап;
Шаруаның, заводтың, өндірістің
Тағдыры электрлік күшпен озбақ.

Тетігі техникада ел ісінің!
Жетпейді күдіреті пар күшінің.
Пар ғасырын архипке аттандырып,
Революция жасаймыз өмір үшін!

Төрткөз:
«Отанды антантаның оғы шарлап,
Ақбанды ішімізге қылыш кандап,
Бүліншілік басылмай жатқан кезде
Тым алысқа кетіпсін, ерте самғап!

Россия шаруа елі, баяу жатқан
Мазасыздық болады ерте оятқан».

Электрдің токтары мың киловат,
Қөзінің жанарында жарқ-жүрқ ойнап,
Марсиан Исменіне шарықтады,
Ильичтің асыл ойы жеңіс тойлап

Зұлымдыкка шыдамай көсем жаны,
Тәрізді бұрқ ететін тау вулканы,
Еңсесі Елбрустай көтеріліп,
Тағы бір шолып алды ол айналаны.

— Қыял емес болдыма революция!
— Болды, бірақ... әлі... бірақ, нә?..
— Бірақпенен сен күн көр!
Мен сенемін
Мешеу ел боп қалмайды Россия!

Ақбанды антананың сергелдеңін
Айпап-жайпап, тазартып Совет жерін
Соғысты аяқтаймыз жеңіспенен,..
Күдіктерін күйретіп сенбегеннің!

Ескі Россия емес бұл — жауынгер ел;
Жаңа ерлік, жаңа сана, талап, өнер
Қыял емес, шындық сілтегенде;
Күш тапшы қарсы тұрар, тоқты жеңер!

Ей төрткөз, ойың не еткен ергежейлі
Білесін бе, ел, өмір не тілейді?
Электр-коммунизм өшпес нұры!, —
Білмесең, оның атын — шындық, дейді!

Бір күнгі емес өмірдің қанағаты,
Жылдар мен ғасырлардың салтанаты —
Коммунизм!

Электр қуаты оның —
Қыял емес шындық оның аты!

Бүгінгінің жәнеде алдағының
Ойламасақ орасан жол жабдығын,
Кілттегенмен бір есеп болар еді
Коммунизм нұрының сыр сандығын.

«Қыял» деп бір бұл емес қақсағаның,
Жоқ екен қыңыр ойды тастағаның.
«Октябрьді» қыял деп бір лағып ең.
Сен түгіл күйреп түсті басқа залым!

Съезі партияның, советтердің
ГОЭЛРО-ның планын бекіткен күн,

Күйреген күншілдердің мертіктерін,
Кеп отыр екен қайта желімдегін.

Электрлендіру — екінші революция! —
Ол шындық Советтік Россияда!
Қыял емес шындық!

Шындық үшін
Зор майданға бастайды компартия!»

Өзі кеп қамалғандай отты торға,
Түнеріп төрткөз әрең отырғанда,
Сырт етіп ашылып ед бөлме есігі,
Селк ете түсті неге төрткөз сонда?

Бір адам: қара мұртты, сұр шенелді,
«Қыял емес шындық» деп кіріп келді.
— Иосиф!

— Ильич!

Жайысып достық құшақ
Екі нұр екі жақтан басты ілгері.

— «Антантамен ақырғы бітті майдан!
Қанды жорық қаусады қанат жайған.» —
Деді Сталин Ленинге қолын беріп...
Төрткөзге кем тимеді ол нажағайдан.

Кездесіп сол тұрғанда қос кеменгер,
Нұрланды сыртта Сақшы, іште Егор!
Кремль сағатынан коңыраулапқан,
Тындады рахат күйін оянып ел.

— «Тағы да мына Төрткөз отыр қайдан?»
Деген сөз кем соқпады нажағайдан.
Сойыл тиген қасқырдай бөксесінен
Троцкий ұрланып мана-ақ тайған!

Бүрсеңдеп түн жамылып, бүркеніп қар,
Бара жатқан төрткөз кім? тап сол шығар.
Сақшы ысқырды:

«Ей кімсің, оңға жүр» деп
Оңға жытты болғансын оқпен жығар!
Тағдырын келешектің мол-мол шешіп,
Отырды екі ұлы адам көп кеңесіп.

«Екінші программасы партияның —
Электрлендіру!»

Деді Ильич,

Деді Иосиф!

«Сол күнде» — деді де Ильич түрегелді,
Басты ілгері!

Иосиф те жедел ерді!

Қос қыран

Келді дағы тұрды карап,
Дәу карта қабырғада ілулі еді!

Мұхит деген немене? Мұхит сөзбе!
Мұхиттай шалқып жатқан Отан бізде!
Күн егер аспанына сыймас болса,
Алыпты қайдан табар бізден өзге!

Үш мұхит, жеті теңіз жатқан қоршап,
Ұлы Отан! Ұлан байтақ бар болашақ.
Лениннің,

Сталиннің

Көз алдынан

Біртіндеп өтіп жатты өмірге ұқсап!

Карт Кавказ, кәрі Тянь-Шань, долы Сібір—
Бәрі де жас жігіттей жайрандап тұр!
Найкалып ну Россия маңғаз жатыр,
Төсінен төңірегіне төгілтіп нұр.

Сахалин, Қыйыршығыс, Украина,
Москва, Қазақстан, Орта Азия,
Таулы Тажік, орманды Белоруссия,
Кең қоныс — шалқып жатыр: бір семья.

Араздықты арадан айдап шығып.
Достық атты жас жігіт жайнап күліп,
Бар дауысымен ән шырқап отыр топта,
Адамшылық, махаббат, туын тігіп.

Сергей ойнап музыка!

Цыган билеп,

Жан сырын Жамбыл толғап түйдек-түйдек;
Елбрус, Қырым, Алтай, Памирлардың —
Күздары күн күшып тұр, тасы түлеп!

Осылардың бәрі де — басқалар да;
Мейлі қыстак, мейлі Ұлы астана да;
Ленинге,

Сталинге

Көтерді ту

Әрқайсы шақырып өз асқарына!

Дариға, сол бір минут

Көсемдердің

Қасында болар ма едім, көрер ме едім!
Көрсем мен — бұдан да әсем сайрап тілім
Мұхиттай шалқыр еді өлендерім!

«Көрмесең қалай жаздың — деп — сен мұны?» —

Айтса егер дүмблездің сынап бірі,

Жауабым:

Сезім, жүрек сенімдерім —

Лениннің, —

Сталиннің зор шындығы!!!

Шындықтың жаным жүзсе кемесіне;
Тағдырдың көндіремін көнбесін де;
Сондықтан көргендеймін — көрмесемде,
Ендеше дәлелің не сенбесіңе?

Волховтан, Ереваннан, Земоавчальдан,
Шыршықтан, Днепрден, Рионнан,
Сухумнан, Түркстаннан, өр Алтайдан —
Бәрінен;

Советтік бар жер жаһаннан:

Миллион жеті жүз елу екі мың киловат,
Энерго — электрлік жаңа қуат;
Ленинге,

Сталинге

Рапорттап

Жайнады станция атты бар болашақ!

Асау толқын, бұйра жал өзен біткен
Турбиналары аспаннан бұлт тербеткен
Құрылыстар салынып біткендей боп,
Жарқылдасты жаңа бір құдіретпен!

Қыры көп, жұмбағы мол дүние есігі
Кездеспей келген екен иесіне!
Экспресс жүрісті жойқын өмір
Қақпасын аштырды оның түйешіге!

Сипатын алдағы көп ғасырлардың
Сымбаттап қос кемеңгер сол біргі түн;
Гидро-электрлік станциялардың
Қартадан белгіледі өзді-өз орнын!

Алтайдағы нелер бір өзенге де
Ильичтің өзі салған ноқат: көзге
Қызарып шыққан күндей;
Тұра калып,
Сәулесін аймағына шашты лезде!

Аймалап анасының ақ мамасын,
Үілдеп жатқан бөбек
Жас құлашын
Титімдей жүрегінің туы еткендей
Жайып сап, бір көтеріп қойды басын!

Үңіліп әрқайсына ноқатының:
«Міне осы» — деді Ильич қағып күлім.
«Бүгін емес»

Деді де ол белгіледі,
Әрқайсының салынар айын, жылын!
«Ол сөзсіз!» —

Деді Сталин
Тау шыңдағы
Қыранның саңқылындай дауысындағы
«Ол сөзсіз!»

деген сөзді Галкин де айтып...
Үйіне жеткенінше таусалмады!

Көргенше асыққандай кемеңгерді;
Таң нұры, таң сәулесі бөлмеге енді!
Сонда ғана екеуі сыртқа шықты,
Сонда ғана бөлмеде жарық сөнді!

1949 — 1950 жыл.

ИСПАН ҚЫЗДАРЫ

1. ОДЕНА

АРНАУ

Сайра-сайра, сайра тіл,
Қырандай даусым саңқылда!
Өрле көкке, өрле үн,
Жетсін Испан халқына!
Жүрегім шертті жыр қылын,
Жүйткі қалам, тартынба!
Бомбыдай боп төгіл сөз
Атқан оқтай аңқылда!
Испан елі жауына
Қазақтың Алатауынан
Жай оғындай жарқылда!
Ерге қуат бергендей
Қыран даусым саңқылда!
Жайратып жауын жеңгендей!
Жан, жалында, халқында!
Испанға жаз келгендей!
Қазша үнім қаңқылда!

* *

*

Батыстың көгі көк түтін
Түні тастай қараңғы;
Фашистер жүр күндіз-түн
Салып тараж-таланды,
Азаттық алтын таң үшін
Жоқ қылуға тажалды —
Қарсы шыққан Испанның,
Халық ерлері табанды. —

Біріккен ұлы майданға
Бірлескен күш аттанды;
«Я еркіндік, я өлім» —
Жүрекке заң боп сақталды.

Ата-ана, кәрі-жас
Ту астына жыйылды
— «Тілемейміз біз соғыс,
Бірақ өмір бұйырды,
Жеңілмейміз жеңеміз
Талқандаймыз қыйынды!» —
деп геройлар: миллионның
Күшіне сенді, сыйынды,

Фашистер бүлік бастады,
Далада, Испан тауында;
Аспаннан бомба тастады,
Қалаға да ауылға

Снарядтан, снаряд
Ұқсайды жауған жауынға;
Жасқанып жаудан кашатын
Еңбекші тап — қауым ба!
Жер қайысқан қалың қол
Қарсы шықты жауына!

Далада майдан қан төгіс,
Аласапыран аспан көк.
Күрс-күрс атыс оқ, бомба
Құрылды әні, зеңбірек.
Кейде шауып атақаға
Лап қойысты дүркіреп,
Талқандалып тау жатты
Жаңғырығып, дүңкілдеп.

Комсомолка Одена
Қызынып оттай дуылдап;
Жау жаудырған қанды оқ
Өтседе бастан зуылдап,
Алдыңғы сапта күлшынып
Қолына қызыл туын ап;
Фашиске атой жасап жүр
Қамалын бұзып, ойран сап.

Үйдегі ауру әкесі
Оқ даусынан түршігіп;
Аунап түсті қырынан
Майданды әйлап, күрсініп:
«Шешеді, майдан шешеді
Не өлім, не тіршілік?..»
Тәлтіректен ауру қарт
Түрегелді киініп;
Әлсіздене, аш қарын,
Қыймадай белі иіліп;
Жауыздыққа шыдамай
Сөйледі бір кез күйініп:

«Қатын — деді Удиске —
— Тындашы, тыңда, сал құлак!
— Сарқыраған немене?
— Майданнан аққан қан бұлак
— Ел бұл жолы, күресте
Емес жаудан ұтылмақ;
Естисін бе оқ даусын
Әйнекке тиген сытырлап?

— Ол Испанның халық ері.
Азаттықтың таңы үшін;
Қатын, бала, ата-ана,
Миллионның қамы үшін;
Фашистермен алысып,
Өмір үшін, нан үшін;
Қабақ қатып, қан кешіп,
Сарп етіп жүр бар күшін!

Тісін қайрап ызалы,
Қартты ашу, кек қысты,
Неңдей күйде екен деп,
Оденасы, ой түршітті
— «Аттанамын майданға,
Сілтеймін жауға қылышты.
— Түрінді қарт карашы!
Шүберектей қуарған.
Көзіңнен де нұр кетіп,
Жағың көлдей суалған.
Әл кірген жоқ бойыңа,
Не аласын майданнан

— Баламмен бірге, көппенен
Қан майданға енейін,
«Көп түкірсе көл» деген
Күш берейін, демейін.
Үйде аштан өлгенше,
Майданда өлсем өлейін.
Танды қолдан атырып,
Жауды жойып келейін,
Барамын майдан шебіне
Үстем болғай мерейім...

— Аттанарда Одена,
Әл үстінде сен жаттың.
Сені бағып қалдым мен,
Қысылдың, талай жылаттың
Барамын деп майданға,
Міне бүгін тіл қаттың.

«Менде барам, ал баста!
Ағарып міне атты таң».
Деді Үдис. Екеуі, —
Киімін киіп жалма-жан.
Қару-құрал алмаққа,
Майдан басы штабтан,
Қол ұстасып, жөн тартты,
Жаяу шығып қыстақтан.

II

Жау тобына айкасып,
Қаптаған қалың қол шапты.
Қынаптан қылыш суырылып,
Сорғалады, қан ақты.
«Батқан күнмен қарайып,
Талай боздақ жан батты...»
Кездесе кетті Оденге
Офицер фашист көк атты.

Жаракты жау түксиіп,
Күтпегенде кездесті.
Өлім, өмір таласып,
«Болыңдар, бол тез» — десті.
«Алдырмаймын, аламын»
«Еһ е!» лесті, егесті.

Күттіріп майдан тұрама, —
Ақылға сап кеңесті.

Аждаһадай сұстанып,
Офицер айбат көрсетті.
Уысына сыйғызбақ,
Болып түгел жер, көкті.

Қынаптан алып қылышын,
Шабамын деп зәр шашты.
Сермегенде офицер
Қанды қылыш, құлашты,
Қағып қалды Одена
Кек пен намыс ұласты;
Ат үстінде, алысып,
Жағаласты, жармасты.

Алпамсадай, алып жау,
Комсомолка Оденаны
Бүркіттей бүріп, еңсеріп,
Еркіне қоймай барады.

Майданда жүрген Үдистін,
Көзі шалды баласын:
Баласының басында,
Өлім, өмір таласын;
Тұра шапты елемей,
Оқ тиген, өз жарасын.

Үдис шауып жеткенше,
Офицер аттан сылқ етті,
Қарағұсы ойылып,
Мыйы таста бүрк етті.

III

Түн, от басы, тау іші,
Тұс-тұстан қол түйісті,
Геройлар аман көрісіп,
Құшақтасты, сүйісті.
Өлгендерге өкініп,
Қайғырып ерлер күйінді.
Кектене түсіп жауына,
Тас түйін боп түйінді.

Бірін сүйеп, біреуі;
Келді екі салт атты.
Қолтығынан сауылдап,
Біреуінің қан ақты
Оның бірі Одена
Біреуі — ер жарақты.

Жаралысын сүйеумен,
Әкелді, шешті киімін.
Күлгендей болат бишара,
Көргенге елін ұйымын,
Бір қолымен қан аққан,
Басып жатып бүйірін.

Әйел екен жаралы
Шешінгенсін білді жұрт.
«Босатындар майданға»
Дей берді ол ұмтылып.

Жаралы әйел жалма-жан,
Ағытып көйлек түймесін.
Жерге сауа бастады,
Емшегі сыздап игесін.
Ананың ақ сүтіне,
Қандай жүрек күймесін?

Дем алмақ боп әлгі әйел
Жатты біраз тынығып;
Жаңа қалғый бергенде,
Ұйқыға еніп көз жұмып,
Қарсы алдына елестеп,
Бөбегі келді жүгіріп.

Қөп баланың ішінен:
— Ана, — дейді — ана жан!
Ақ төсінді аймалап,
Емемін қашан мен маман?
Сағындым ғой анашым,
Қайтасын қашан майданнан?

— Асықпа ұлан асықпа!
Біткен жоқ әлі қан майдан.
Жердің бетін шыймайлап,
Ағып жатыр қан сайдан.

— Қаза тапты соғыста,
Кеше — ғана жан атаң.
Қайғырма оған өс, ержет!
Айналайын жас ботам.
Табысармыз аман-сау,
Атырып қолдан алтын таң!

— Әкемнің кегін ал ана,
Бұзып жаудың ордасын,
Мен жүрмін сау сәлемет,
Көңілің алаң болмасын.

IV

Аяқталған жоқ майдан,
Күнде шабыс, күнде ұрыс,
Испанның ері, әйелі,
Алған жоқ әлі бір тыныс.
Сол майданнан — даладан,
Құлаққа келді бір дыбыс.

Жаралы бір жан ыңырсып,
Майданның жатыр шаңында,
Шаңында емес майданда, —
Төгілген адам қанында,
Қолын соза берді ол
Алтын күннің таңына!
Өткір жүзі жалақтап,
Қылышы жатыр қарында!
Душар қылған бұл күйге,
Басының ғана камы ма?
Жоқ, жетем деп ойлайды ол,
Азаттықтың таңына!
Құрбан етті ол өз басын,
Миллионның камына!
Қан майданда оққа ұшып
Қанға жатыр малына,
Құлынымдап анасы
Зар илейді жанында.
Қарайды да жылайды,
Кең дүниесі тарыла.
Одена еді ол соғыста,
Жан аянбай оққа ұшқан.
Қапысын тауып ер қызды

Атқан екен қас дұспан.
Қара шашы қан болып,
Оратылып мойнына,
Қаракат көзден нұр сөніп,
Кірмек пе жер қойнына?
Жеңілетін ер ме еді ол,
Оқ ерікке қойды ма?
Қыймылдауға дәрмен жоқ,
Көзі шашып от-жалын.
Тастамай жағыр сонда да,
Қолынан алмас қанжарын.

— Егілме, ана егілме —
Егілер жер емес бұл!
Аландама сіз маған,
Майданға кір, дабыл ұр!
Бұл акырғы зор майдан,
Қажыма қарыс, қайрат қыл!
Күреспен ғана аламыз,
Келмейді көктен елге нұр.
Шашылар қан шашылды,
Бола алмаймыз енді құл.
Бір мен емес Испанда,
Құрбан болған қыз бен ұл.
Азаттықсыз жасаған,
Өмір қаран — өмір тұл,
Кегінді ал жауыңнан,
Шегінбе ана, алға ұмтыл!
Егілер жерің бұл емес, —
Қоштасатын айтып жыр.
Ел де, мен де рыйзамын,
Майданға кір, жауды қыр.

Майдандағы жастарға,
Анашым, менен сәлем айт!
Жауды жеңіп, жайратып,
Азаттық таңын алып қайт!

Менен сәлем жастарға,
Босатбасын белдерін,
Мынау болат қанжармен,
Жаудың қыйсын шеңберін,
Арманым сол, жалғыз-ақ —
Азаттық таңын көрмедім...»

Деді де Одена
Демін тартты, сөнді шок.
Ананың көңлі елжіреп,
Жанғандай болды ішінде от;
Өлігінің басында,
Отырып қалды сұп-сұр боп.

Көктен шалқып сол кезде,
Жылы үн барды,
Майданға
СССР-дың сәлемі ед,
Жалынды, отты ұранды:
— «Тыңда! тыңда, бауырлар! —
Майдандағы — кұралды:
— Жауыздық өшіп, әділдік.
Өсетұғын күн туды
Темір бұғау кісенді,
Кесетұғын күн туды!
Ат бауырынан қызыл қан.
Кешетұғын күн туды!
Қару-жарақ асынып,
Аттанатын күн туды!

Жау аяққа басылып,
Тапталатын күн жақын!
Миллион күштің еңбегі,
Ақталатын күн жақын!
Жауды жеңіп, геройлар
Шаттанатын күн жақын!
Бұл майданның тарихы,
Жатталатын күн жақын!
Жеңілмейсің, жеңесін,
Ақтайсындар ер атын!
Советтің ұл, қыздары,
Біз қорғаның, қуатың;
Біз сендермен біргеміз,
Жәрдем жоқ аяп қалатын!»—

Деген үнді есітумен
Ана жасын кұрғатты!
«Жауды жеңбей бұл өмір,
Болмайды, рас, тұрақты.
«Не деп ед жаңа Одена?» —
Өзіне қойды сұрақты.

Ұшып тұрып орнынан,
— Қош бол — деді — қош балам!
Жауды жеңбей жарық жоқ,
Жауды жеңбей күн қаран...
Кегінді жаудан алармыз,
Арманда кеткен жас бағлан...
Төңкерісшіл ел тірі,
Жеңеміз — ел қаһарман
«Ақ найзаның үшімен,
Ақ білектің күшімен»,
Атырармыз алтын таң...
Ақтап өттің боршыңды,
Ұмытпас елің, қош балам,
Ал майданға аттанды.
Ашынған алып кекті анаң!

2. РЕМЕДИОС

Қаракаттай кара көз,
Шоқтай жайнап жанары
Алмадай беті албырап,
Жайнаған жаздай ажары,
Сүмбідей сұлу қарындас,
Қайратқа біткен қабағы,
Іздегені кім? түнде —
Қайда кетіп барады?
Найзасы не қолында,
Онымен кімді қағады?
Қылшылдаған қылыш не,
Онымен кімді шабады?
Сүйгенін күтсе сұлу қыз,
Неге жарак тағады?

Жапыраққа оранып,
Жар күткен қызың бұл емес,
Түн ұйқыдан бездірген,
«Өлім, өмір» ұлы егес,
Мадридті қорғауда —
Күзетте жүрген Ремедиос.

Басталғалы қан майдан,
Ремедиос жарак асынған.
Таптың алтын таңы үшін,
Арыстандай ашынған

«Мадридке бір адым,
Асырман жауды, асырман.

Жеңілмейміз, жеңеміз,
Жай түсіріп жасылдан»
Деген сертті ант етіп,
— Қайратты қызы Испанның,
Түн ұйқысын қашырған.

Қазарманың ішінде,
Түс кезінде бір адам,
Үстегі сауыт сайманын
Шешінбестен жалма-жан,
Саусақтары майысып,
Ине-жібі сусылдап,
Тігіп жатыр сұр шинель,
Асығыс. Жеңін қусырмақ!

Бұл — түндегі күзетші,
Ремедиос Хобер қыз,
Жағасына шинельдің,
Тікті шоктай қос жұлдыз!
Майдандағы жарына,
Жазды отырып сәлем хат;
— «Аландама жан жарым,
Мен дағы сау сәлемет,
Геройларға бір жүрген,
Бізден сәлем мың қабат!
Күшпен жеңбей күресте,
Өмірге жоқ рақат,
Жауды жеңіп кайтқайсын,
Мерейің үстем болып шат,
Тарихтық қыймыл күш көрсет,
Шын геройлық — ерлік ет
Ат үшін ғана емес-ау,
Азаттық үшін махаббат!

Шинельді киіп күштеніп,
Бұзғайсың жаудың ордасын,
Қалтаңа салдым және оқ,
Аз ғой деп сенде қорғасын.
Винтовка, найза қолымда,
Майданда мендей жолдасың.
Қолынан келсе алмақ жау,

Өлкемнің Мадрид ордасын.
Мадридті сақтаймыз,
Көңілің алаң болмасын.

Хатым қысқа, уақыт тар,
Қош тұрғайсың қош жарым!
Миллионның күшімен,
Түреміз түн тұманын,
Азаттық үшін жан кұрбан,
Ойламаймын бас қамын.

Шолғыншы келді кабар ап,
Команды болды «ал, аттан!»
Қару-жарақ асынып,
Ұмтылды ерлер бар жақтан.
Алдыңғы сапта Ремедиос.
Кездесті жауға алаптан.
Бұркылдады жерде шаң,
Күрсілдеді зеңбірек,
Дүңкілдеді дөңестер,
Жаңғырықты жер мен көк.
Дала майдан, сай талқан
Оқ түтіні көкбеңбек.
Екі жақта отряд,
Лап қойысты дүркіреп,
Көлкілдеген жерде қан,
Ағып жатты бүлкілдеп.

Башасынан қан кешіп,
Астағы аттар сабылды.
Талай бастар домалап,
Талай бөксе шабылды.
Шексіз, шетсіз кең дүние,
Майданды жерде тарылды.
Жасыл белден қан, тұман,
Қуды сұлу сағымды.

— «Мадридті аламын»
— «Алдырмаймыз, келсең кел»,
Ойпаңға қаннан қақ тұрып,
Тенелді ойға дөңес жер,
Жауған оқтан жасқанбай,
Көрсетті қайрат өңшең ер».
«Ат мылтықты, сұқ найза!
Серме қылыш, оқ әкел!»

Десіп ерлер отаншыл,
Кыймылдады, қызынды!
Жер шыймайлап аққан қан,
Тарихқа тағы сызылды.
Самоләті көкте ұшып,
Танкісі жаудың андады,
«Қой боғындай» қорғасын,
Омырауды кандады.
Оқ бұрқырап борандай,
Майданды дала шаңдады.

Алған сайын алам деп,
Жау жайрандап шаттанды,
Атылған оқ, ақ түтек,
Қан боп бетке батталды.
Сұлап жатқан көресін,
Жаралы жанды, аттарды.

Жұтқан сайын жұтам деп,
Қара жер қанға обықты,
Жараксыз ерлер майданда,
Қалжырады, торықты,

Кейін қарай серпіліп,
Кейде кейін шегінді,
Азғана қолмен Ремедиос,
Керек қылмай өлімді;
Жауға қарсы ұмтылып,
Жауған оққа көмілді.
Екі көзі қанталап,
Жанған оттай жарқылдап,
«Алға, алға!» — команда
Бере ұмтылды саңқылдап,
Ерікке қоймай айуан жау,
Есіре түсті, алқымдап.

Осы кезде көкте бұлт.
Соқтығысып сынғандай, —
Чапаевтай зор дауыс, —
Саңқ етті күзда қырандай.

Күркіреген күндей боп,
Найзағайдай жарқылдап,
Айғайы өрлеп аспанда,

Ақ иық аңқылдап,
Көкті өрлеп, жерді орап,
Үні зулап саңқылдап,
Келіп қалды кенеттен,
Долерес майдан алаңға!
Тайғақ кешу, тар кезең,
Қысылшаң қыспақ заманда,
Ер екпінмен соққанда,
Бұзылмай тұрар камал ма?

Шегінген қолды көргенде,
Аузынан шашып от жалын,
Атой сап берді команда,
Айқара майдан танабын
Шойынның қызған шоғындай,
Қайнатты қайрат қазанын.
Жалындай лебі лапылдап,
Бомбадай сөзі тасталды.
Дауылпаздың екпіні
Талқандап майдан тастарды;
Шегінген қол серпіліп,
Қарсыласты, қашпады:
Кенеттен кекті күш қайнап
Жауды бір түріп тастады.
«Шабуылға шабуыл»
Долерес өзі бастады.

Қайраттанып қалың қол,
Жасу білмес құрыштай,
Ақ алмастай жарқылдап,
Қайралған жаңа қылыштай.
Атой салып, лап қойды,
Қолына қызыл ту ұстай.

Талай жауға оқ тиіп,
Жамылды қан кебінді,
Сауыт, сайман қан болып,
Шіріді терге тебінгі.
Болаттан соққан балғадай
Геройлар, жауды жемірді.

Жосадай қан мандайы,
Арқасын жауып өрімі,

Оқ отына түтіккен,
Жаралы қыз көрінді.
Ремедиос еді бұл,
Герой қызы Испанның,
Тиген екен басына,
Майдан оғы дұшпанның.

Жаралы жас қызының,
Қасында тұр бір ана;
Ремедиос жатыр ыңырсып,
Көз жұмулы, бас жара.
Сүйтіп жатып сұрайды:
— «Аман ба — деп — астана?»
— «Аман құлыным астанаң,
Бермейміз өлмей басқаға».

— Шақырғанға сен мені,
Өлген шығар деп ем сен.
Жерлейтұғын шығармыз,
Деген оймен келіп ем,
Уақасы жеңіл жараның,
Жазыларсың, тез емден,
Күзетте тұр құлыным,
Жан серігің, жас жеңген,
Келе алмады ол саған,
Шепте тұр жауға кезенген.
— Көп тұруға уақыт жоқ,
Хош, майданға жөнелем!

— Ашуға көзім жараса,
Барамын менде жатпаймын,
Батқан күнмен карайып,
Мең белгісіз батпаймың.
Мадридті дұшпаннан,
Сақтаймыз ана, сақтаймын.
Аттан, анам майданға,
Басқалар маған келмесін,
Қызыл туы полктың,
Желбіреп көкке өрлесін!
ССРО-да атқан таң,
Испанға да төрлесін.
Геройларға сәлем айт,
Мадридті бермесін!..

МОСКВА ТҮБІНДЕ

I

Жау кеп қалды жалаулатып,
Қаптап қалың қара бұлттай;
Қарсыласып тұрған атып,
Қыршын жатты ұшып мұрттай.

Рас, біздер шегінген ек
Сақтау үшін күшті, адамды;
«Кездесер — деп — бір, бетпе-бет»
Кейітіп те ек кекті, арды.

Шегінетін енді жер жоқ,
Артымызда тұр Москва.
Атқызғанша жауға оған оқ,
Жасау бекер күн астында!

Тым-ақ қатты жаудың беті
Қаптап келед темір шулап,
Басып жер мен көктің шетін.
Өрт жалыны жатыр бунап.

Тарс жабылып алтын қақпа,
Қарауыта түсті зілді.
Қыймай оның кілтін жатқа
Ар тулады, ел күрсінді.

Бұлт шашылып, күн томсарып,
Жер сілейіп, жел түйілді.
Қабак қатып, жүрек жанып,
Тіл қатыспай ер түйінді.

Туды катер, төнді қауіп,
Ордасына ел бағының.
Қағынған жау қанды сауыт
Келіп қалды жынша ағылып.

Кектенгендей ел жүрегі,
«Қайтеді — деп — мынау залым?»,
Ол солайша бір күн еді...
Жарардай-ақ жүрек қабын.

Аман сақтап Москваны
Қалу үшін қанды ізден;
Кремльден қан даланы
Шолды көсем ойлы жүзбен.

Ол шыққанда күндей болып
Бахыт күшқан мұнараға;
Сұлап жатқан қанға толып,
Уялғандай болды дала.

Көрді көсем: тым қаһарлы
Көтерілген күллі елдің,
Махаббаты, кек пен ары
Бетінен от шашыпты ердің

Шүберекке жанын түйіп,
Айқас күтіп жатыр жасақ;
Кеудесіне әрең сыйып,
Долы намыс ыза жасап; —

Жер-мерімен көтермесен, —
Шегінетін емес өлмей,
Басқан сайын тасқа өкшен,
Сіңе түскен шегелердей.

Халық қаһары жауға деген,
Кенересін кернеп көктің.
Тым асқынып кеткен екен,
Жан күйдірген жалыны өрттің

Нажағайлы қара бұлттай,
Құрсанған қол, бұрқанған ел,
Сөз көтерер емес құрттай...
Сілтеу күтіп тұр семсерлер!!

Бәрін көріп, болжап, шолып,
Сенді ол елге, ерге сенді!
Шаңқай түскі күндей болып,
Нұры түгел жапты жерді.

Тек кана, тек өзіне тән
Сталиндік хасиеттен,
Қара түнде атқандай таң
Құйылды кеп үміт көктен.

Көкте — темір казық кана,
Жерде — Сталин табаны аумай,
Кремльден аттан сала
Қалпын сақтап тұрды таудай.

Өзіне егер сенбесе де
Сталинге сенді жүрек.
Көсем сенді жерлестерге,
Әділ істің сәтін мегзеп.

II

Жау кеп қалды жалаулатып
Қаптап қалың қара бұлттай,
Жолына оның тастай қатып,
Жатып алдық ас-су жұтпай.

Батты әрең күн канталап,
Ай сәулесін жапты тұман.
Қетті босып сыңсып жылап,
Жел жыйырылып есіп тұрған.

Комиссарлар түніменен
Окоптарда жүрді аралап,
Төңірегін дүрбіменен
Шолып тұрды сұңғақ қазақ.

Қабактарын түйіп тастай
Зор сайысқа сайланған ер;
Іштерінен (сыр ашыспай)
«Өлсек осы — десті — өлер жер!»

Бәрінің де жүрегінен
Намыс оты атты жалын.
Бір-біріне қарап зілмен.
Таңдау екеу: сүйді арын.

Ұзын мұртын жұла шайнап,
Өткір қайрап найза ұшын;
Солдат отыр кекті қайрат,
«Аттан!» күтіп Москва үшін!

Туды ауыр сын ер басына
Майдан жақта елдің көзі.
Сталиндей жаны ашыр ма,
Әкенің де әр мінезді?

Төкті әскерді көк семсерлі,
Зеңбіректі, қаруларды;
Аттандырып артқа елді,
Тек қана өзі тұрып қалды,

Тек қана өзі тұрып қалды,
Бахыт құшқан Москвада.
Күллі жүрек қуаттанды,
Құдреттенді ұлы астана!

Команданы берді ол өзі
Соғыс сырын сүзіп, толғап,
Оның нұрлы, ер мінезі
От тұтантты жүрекке орнап.

Москва үшін жанды қыйып,
Болат қалқан болып жаттық.
Түскен сайын оқ құйылып
Барабанды баса қақтық.

Қаптап келед темір шулап
Түн жамылып, тұман бүркеп,
Түссе түсер басты турап,
Арам болар шегіндірмек!

Дүние жүзі тікті көзін:
«Қайтер екен — деп — Москва?»
Майданшылар ұмытты өзін,
Барын, жоғын күн астында.

Зеңбіректің жанына кеп
Түсіп жатты жаудың оғы.
Генерал тұр бізді тежеп
«Біздің кезек — дейді — соңы»!

Неткен сабыр, неткен шыдам?
Токтатып тұр неге сеніп?
Мана-ақ, егер, мен — ол болсам,
Тастатар ем оққа көміп.

Ыза қылды бізді әбден,
О да, жау да екі жақтап.
Таң ағарып берді қылаң,
Шықты ол ақыр аман сақтап!

III

Жау кеп қалды, — темір шынжыр,
Сүйреткен кіл айдаһардай;
Кернеп кетті салдыр-күлдір,
Кәрі дүние қакты таңдай.

Түтін бүрк-бүрк, от жарқ етті,
Жалын тілі қакты сүйрең.
Аң біткендер босып кетті,
Жер бырысып жатты күйген.

Снарядтар үстін қыршып
Түскенде сол төңіректе,
Тас біткендер жатқан тыншып
Шынғырынып ұшты көкке.

Ну орманның әр ағашы,
Жанған сайын улап-шулап,
Жанғандай өз төбе шашың,
Соқты жүрек, ыршып, тулап.

«Талайғы кәрі дүниенің»
Тарылды ғой кең тынысы.
Айтшы оған шын ие кім,
Зұлымат па, түн ұрысы?

Жоқ, дүние — езгі жанның,
Игілігі, махаббаты;
Хакысы жоқ бұзықтардың,
Оларға арам адам аты.

Жаркын дүние — адамзаттың
Игілігі, тынысы, ары,

Салтанаттың, хакыйкаттың
Сүйіспендік шын мұрады.

Сүйткен сұлу дүниені
Талқандатсақ тас жүрекке,
Жан шірітіп іштің шері,
Ана сүтін сауар көкке.

Күрс-күрс қағып барабанды,
Зор қыйқуға бастық дереу,
Қан менен тер соқталанды,
Кімге лайық ондайды елеу?

Окка ұшып жан жолдасым,
Қаза тапты қан жамылып.
Құмалақтай қу қорғасын,
Түсіп жатты тағы ағылып.

Винтовкамның аузынан
Мен де ұшырдым жауға өлім.
Ушыққан кек, долы ыза
Кернеп кетті майдан төрін.

Өткізбеске Москваға,
Үш қайтара бердік тағы ант.
Бізбен бірге комиссар да
Болып кетті кекті солдат.

Ол келгенде жанымызға,
Кеп тұрғандай көсем өзің.
Ар қосылып арымызға,
Жоқ боп кетті қауіп сезім.

Москва үшін сол ұрыста,
Кім ойлаған бастың камын;
Сөз берілді ок, қылышқа
Шакырды ерлер «әруағын».

Алды-артын жау алса да орап
Шеттегі үйден шегінбестен,
Автоматтың оғы борап,
Жан дегенді шығарды естен,

Жан дегенді шығарды естен,
Жау жүрек жас ақын казак.
Жоқ еді ол жаннан кешкен
Тайсалуды көрді мазақ.

Сталиндік әділеттен
Суарылған ер жүрегі.
Зұлыматты соғып беттен,
Жалын атып, от түледі.

Өмірді шын сүйгені үшін
Өлімге өзін қойған карсы, —
Жанған үйде жалғыз қыршын
Қане, кейін кеткізе алшы?!

«Өлген артық алға құлап
Аударғанша артқа адым», —
От боп лаулап түсті сұлап,
Жас денесін жапты жалын.

Жауға намыс бермей кетті,
Арын қыймай, — қыйып жанын;
Отанына, құдіретті
Махаббаты Абдолланың.

IV

Күрс-күрс түсіп жатты бомба,
Жарқ-жүрқ етіп сотқар, оқтар.
Құлап бітпей казулы орға
Есірген жау емес тоқтар.

Зеңбіректер созып мойнын
Атқылады топқа, дотқа.
Дал-дұл болып дала қойны,
Жентектелді канды соқта.

Атты, жаяу, бомба, танк
Араласқан ойран-ботқа.
Көтерімпаз жер де талып
Кеткендей бос жатты от та

Снарядтар карша жауып,
Борап кетті темір жанқа.

Бірді түйреп, бірді шауып,
Өкпе күйіп, қызды арқа.

Мылтық мойны балқын қызын
От боп кетті ата-ата.
Қарлы топырақ қаннан сүзіп
Бастық оны салқындата.

Тынар емес соғыс сотқар
Қолдан қолға көшті ұрыс түз.
Деген жан жоқ от бар, оқ бар,
Көміліп те, көміп жүрміз.

«Я туған күн, я өлген күн!»
«Екі өлім жоқ: ат, сілте, шап!»
Түк көрсетпей кетті түтін
Сондадағы жаттық отап!

Отан үшін, Москва үшін
Көсем үшін күйылған күш;
Күйіндіріп жаудың ішін
Қайта-қайта қызды ұрыс.

Тебінгілер терге шіріп
Мұқалды ұшы көк сұңгінің.
Панфиловтың өзі кіріп
Күркіреді күнше бүгін.

Чапаевтің өзінен де
Алғыс алған қыран еді ол.
От төгілтіп көзінен де,
Бергізбеді жауға аттам жол.

Қайсарлыққа батырларын
Баулыған ед Алатауда!
Соғыс бұлтын шатырлатын
Нажағай боп түсті жауға.

Қырандарын салып баптап
Зұлыматқа бір дес бермей,
Жау мойны үшін қойған сақта
Қыйып жатты нар кескендей.

Оның отты сол тұлғасы
Аязды да дуылдатты.
Чапаевшы командалы
Сөйтіп, соғыс суын тапты!

V

Соның талғар полкінен
Еді батыр жыйырма сегіз.
Бір кісідей алып бір дем,
«Өткізгенше — деді — өлеміз!»

«Шегінетін енді жер жоқ,
Артымызда тұр Москва,
Атқызғанша оған жауға оқ,
Жасау бекер күн астында». —

Политрук Клочковтың
Жүрегінен шыққан жарып,
Бұл үні еді барлық көптің
Байлаған ед соған халық.

Күйретумен жердің үстін
Күтірлетіп тау-тау танк;
Бой берместей ешбір күшке
Келіп қалды жайынша ағып.

Келіп қалды жайынша ағып,
Жыйырма сегіз жатты нықып.
Шіркін өмір бұлаң қағып,
Тұрып алды артын күтіп.

Өзалдына талай дастан
Жыйырма сегіз ер қыймылы.
Тек кана, тек бір сыр ашсам;
Алды тандап ең қыйынды.

Тұрды бүкіл әлем қарап,
Шамырқанды шамшыл жүрек.
Тартты ішін бар сол танап...
Жыйырма сегіз түрді білек,

Жыйырма сегіз түрді білек,
Ажалменен жекпе-жекке.

Бірін... бесін соқты шіреп
Шор-шор шойын ұшты көкке!

Айыз қанып, арқа кеңіп
Бір көтерді халық белін.
Жүлде алғыш өмір жеңіп
Тұрды жүдеп қайсар өлім

Тағы, тағы, тағы танк
Қыйрағанын күлғып таптап;
Дүниені бұзып жарып
Жайынша ағып, келед қаптап.

Таудай танк, өжет адам
Айкасты кеп жан ұшырып
Аттап өту болып арам
Жатты жанған танк ұлып.

Әкесінің құны бардай
Жау ұмтылды құтырынып.
Қыймылынан бірі танбай
Жыйырма сегіз жатты ұрып.

Айтсандаршы, енді не лаж?—
Қарсыласар бітті құрал.
Кекті жүрек жап-жалаңаш,
Емес түк те қауіпті ұғар.

«Қайда өтпексін мен тіріде,
Қайт кейін» — деп тұра ақырып;
Өтер болған қыл кезеңде,
Танк астына түсті атылып.

Тас-талқаны шығып дүлей,
Қара күл боп қалды қырда.
Отты зәулім дүниедей
Жыйырма сегіз жатты тұлға.

VI

Отан үшін, Москва үшін
Көсем үшін қызғанда ұрыс,
Жыйырма сегіз ердің күшін
Әрбір жүрек етті тыныс.

Жан дегенді керек еткен
Жан болсайшы сайыс үсті.
Ақ алмастар жарқ-жүрқ еткен,
Қыйған үсті, қыя түсті.

Атты, жаяу танк тағы
Араласып кетті мыйдай.
Ашынғандар ыза кегі,
Кең дүниеге кетті сыймай.

Сілтей-сілтей көк сүңгіні,
Найзакердің қолы талды.
Ышқына ұшып оқ сүңгіді,
Қан менен тер соқталанды.

Тулар бейне кара құрым
Адам өңі тат басқандай.
Төбе-төбе жатыр марқұм,
Таудан ұшқан көк тастардай.

Өлім, өмір арпалысып,
Өрт жалыны ұшты аспандап.
Талай бастар допша ұшып,
Тізгіні иесіз шапты сандақ

Тынар емес соғыс сотқар
Болмай қойды толас титтей.
Талғарлықтар, кавказдықтар
Қайта кірді тізе бүкпей.

Сілтеп берді памирліктер,
Оралдықтар күтпей әмір.
Самайдан қан, кеудеден тер,
Сорғалады бейне жаңбыр.

Үйде отырған жан да өлмей ме,
Жау жайпаса өмір кегін.
Жан қорттасақ ез демей ме,
Емес пе артық ерлік өлім.

Өліп кетсең емес пе арман,
Ала өлмей он-онбесін.
Екі айналып келмейді жалған,
Дұшпаныңа жіберме өшін.

Ол бір шапса, сен жеті шап,
Шықсын мүлде күлпаршасы!
Тағдыр қосты: шық талқандап
Домалап тек жатсын басы.

Әділеттік осыны айтып,
Бар хақиқат отыр жүптеп.
Ұрпағы да енді қайтып
Сұғынбастай түйре бүктеп.

Бар жүректің соғысында
Осы ғана ед жалғыз тілек,
Өлім, өмір тоғысына
Түсті отқа бір жас түлек.

Тілегені дауыл, шашын,
Өр Алтайдан шыққан қыраң;
Отты қайдан ол таңдасын
От — өзі еді жанып тұрған.

Әкесіне көрістіріп
Қорқыратып сан немісті;
Кетті қайта тағы кіріп,
Жаны сүйген ер жеңісті.

Тауысқысы келді қырып
Бір немісті кұтқармастан
Найза түйреп, оқпен ұрып,
Сілтеп жүр ед бір тынбастан.

Қанды көз жау ылашынды
Нысанаға ап атты байлап.
Сезбеді ол, тек іші ашыды,
Еңкейтпеді ерді қайрат!

Қашып бара жатқан неміс
Офицерін — далбаң қағып,
Оғы бітіп қапты тегіс —
Атпақ еді көре салып.

Ағып түсіп жүрген қарным,
Ішіне сап бүріп қолмен,
Бар тұлғасы болып жалым,
Қуып берді Ер Төлеген!

Сонша қуат, сонша өшпендік,
Құтқарсын ба, жауды қашқан.
Көтеріп ап мылтығын тік,
Офицерді перді бастан!

Тағы атыс, тағы шабыс,
Жалын кешіп, от кешті жан.
Аттатпадық жарым қарыс
Болды ызақор жау пұшайман.

Түк тойтарыс көрмеген жау,
Ешкімнен де бұрын мұндай.
Қарғыс атқан қанды омырау,
Берді атыла оқ жыландай.

Біздің қаһар онан да өктем
Қыймылдадық тым катулы.
Қатер бұлтын тұңғыш сөккен
Жүректі үміт қуантулы.

Ит жанды жау сонша өлермен
Көк жұлын боп дымы кұрып,
Жатса да, әлі көктен, жерден
Соққылап тұр оқтары ұлып.

Тағы өзі бастап қолды
Генерал кеп кірді ұрысқа!
Чапаевтай еді ол жолды,
Сарбаздары сайысқа ұста.

Әр төмпешік, әр окопты,
Россиямен көріп бірдей.
Екі жиһан күшін төкті,
Таласып кеп жерге тілдей.

Көк күңгірлеп, жер сілкінген
Тәрізді боп кетті аймақ.
Шегедей боп жерге сінген
Жатып аттық жауды байлап.

Судай кешіп жүргенде отта,
Снаряды түсіп жаудың;
Генералдың қапылыста,
Қан бояды омырауын.

Қабырғаны қайыстырды ер
Сынғандай-ақ болат күрзі;
Кілт мүдіріп наркескендер...
Қайта ұшталды алмас жүзі.

Жараланып түскен шыңға
Тау қырандай жүрегі от,
— «Аялдама достар, алға!
Жауға енді Москва жоқ»

«Отан үшін, Москва үшін
Қыйдым жанды. Жеңіс ұлы,
Суытпандар ақ найза үшін!»
Деп Панфилов көзін жұмды.

Отанына, көсемге, елге
Істеп өткен адал қызмет;
Ерді қыймай өлді деуге
Соғар жүрек мәңгі іздеп.

Жас мәйтіне генералдың
Үнсіз-тілсіз идік басты.
Ушықты оты кек пен ардың
Намыс жеңіп, қатер қашты.

Урыс түзге шықты маршал
Команданы беріп түйдек.
Жауға суық жүзді қанжар
Кешірімсіз сұқтық түйреп.

Қараторы қазақ жігіт
Командирі ед бір полктің .
Волоколам жолын ұстап,
Туын тікті бір жорықтың.

Панфиловтың мектебінен
Отан сүйгіш махаббатты
Қорек еткен жүрегімен
Дәстүр етті ол ерлік салты!

Қарапайым қазақ атын
Бөледі ол ер данқына.
Жанған отта онан батым
Маздай алмас жан алқымда.

Соның берген бұйрығымен
Осташево деревнясын
Қысқы таңда алаң-елең,
Алды қоршап топ лашын.

Топ бастаған жап-жас ғалым,
Сұңғақ бойлы, ақ сұр, ат жақ,
Тиді жауға болып жалын
«Москва үшін» ұран тастап.

Жолбарыстай қыймылымен
Жау танкын етіп тандыр.
Өмірдей-ақ құшағы кең
Жасады ол қолдан тағдыр.

Махамбет пен Амангелді
Тәрізденіп осы екі ер;
Күлімдетіп туған елді
Сын сағатта көтерді бел!

Рас, біздің халық қазына
Теңіздей боп жатты шалқып.
Қайта шығу өз жарына
Қыйын болды жауға малтып.

«Бас алам» деп келген жаудың
Басын қағып батыр орыс,
Толарсақтан қан кешкізіп,
Қалш-қалш етті дүлей соғыс.

Аяқ алып жүрер жер жоқ,
Өлік бейне табын тезек.
Басымызды соған жастап,
Жаттық атып алма кезек.

Дене деген түк сүйексіз
Еттей ауыр болса да зіл;
Алға ұмтылдық шегіншексіз
Қаңбақ күрлы елемей бір.

Көктен, жерден оқ боратып,
Тастадық кіл отқа көміп.
Жаудың күні тумай батып
Сынды бұлты келген төніп.

Алға ұмтылдық шегіншексіз
Қаңбақ құрлы елемей бір.

Көктен, жерден оқ боратып,
Тастадық кіл отқа көміп.
Жаудың күні тумай батып
Сынды бұлты келген төніп.

Тұман тарқап, түтін сергіп
Шолпан туып, таң көрінді.
Жиектен күн көтеріліп,
Шығыс нұрмен көмкерілді.

Ажал айнып қағып безек
Қызыл жосын жау шегінді:
«Басталды енді біздің кезек!»
Деді Маршал — бастап ерді.

Тірі, өліні түгел жоқтап
Түгендедік сонда ғана.
Басты, туды идік топтап.
Құрбандардың қабырына

Серт бердік біз оралмасқа
Ойран етпей жау ордасын
Даңқың, сырың құлпы таста,
Жүрегімде, қош, жолдасым!

Москваны қалдық сақтап
Түсті бірақ тым қымбатқа.
Есесіне сенімді ақтап,
Жібермедік намыс жатқа.

Ар, намыстың құрбандары,
Жеңіс ақыры болды нәсіп.
Талқан еттік жау мұрадын
Сендерменен біз бірлесіп.

Жылдар түгіл, ғасыр да өтер,
Ай, күн, мүмкін, солып бітер, —
Москва үшін шайқас төтен
Болғаны, онан да әрі кетер!

Сонда Сталин тұлғасымен
Күн боп шалқып жерден көкке;
Данышпандық мұрасымен
Жасар мәңгі бар жүректе.

Қыйыр Шығыс
1945—1946 ж.

ҚОШТАСУ

Өмір ед бұл өзім сүйген,
Сүйгендіктен шырқаймын ән.
Уа, Улы Отан, басымды ием,
Не бұйырсаң «құп!» деп саған

Саған қауып төнген шақта,
Сауыт киіп, қару астым.
Сайыскер деп сөк, я мақта,
Мен сен үшін туған жаспын.

Сонша сүйем мен жарымды.
Онан да ыстық Қыйыр Шығыс.
Ант, арымды қыймай жанды —
Қыйғам, қыю еді дұрыс!

Жоталы күз тауларыңмен
Қалың орман, анды тайғаң.
Бізбен бірге алып бір дем
Нұр сауған ед алтын айдан.

Ақ толқынды Амурыңнан
Аттанған өм жорық шегіп.
Көз алдымда сол бір тұлғаң,
Біз келген күн жауды жеңіп.

Жат жерінен қайтқан ұлын
Тап сендей-ақ сүйер ана!
Күзетінде сонан бері
Тұрдым, шығыс шекарада.

Күтіп отыр ел мен еңбек,
«Қайт!» — деп рұхсат берді Сталин

Қыймылдар күн маңдай терлеп,
Бірі болып көп ұстаның.

Хош тұр енді, Қыйыр Шығыс!
Сүйем сені, сүйем мәңгі.
Жандостарым жаны құрыш
Күзетіп тұр шекараны.

Алатаудың шың кұзынан
Саған қарап, көріп, аңсап,
Досты танып жұлдызынан
Хоштанармын, талай ән сап.

«Хош» деп айту неткен қыйын
Хош, алайда, жан жолдастар!
Сендерге арнап еңбек күйін,
Сәтті күні болдым бастар.

_____ 12 Август 1946 ж.

МАЗМҰНЫ

1. Шалқыма	3
2. Қуат	57
3. Кремльде	77
4. Испан қыздары	99
5. Москва түбінде	114

Д. АБИЛЕВ

ШАЛҚЫМА

На казахском языке

Казахское Государственное Учебно-педагогическое Издательство

Ред. Оспанов
Техред Юровский М. Н.

Подписано к печати 16/IV 1951 г. УГ 02307. Издательский № 138
Объем 6,76 п. л. Уч. изд. 6,485 л. Бумажных 2,063 л.
Формат бумаги 84 × 108¹/₃₂. Тираж 20.000. Цена 4 руб. 70 коп.

г. Алма-Ата, Полиграфкомбинат Казполиграфиздата
при Совете Министров Каз.ССР. Зак. 1317

Бағасы

2000

1-4-01-м бағасы *0* с. *33*

р

v